Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

АҚМЕШІТ жастары

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 49 (378)
10 желтоқсан, 2020 жыл

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Волонтер жылының ресми жабылу салтанатына қатысып, «Жыл волонтері» халықаралық сыйлығын табыс етті. Марапатты иелегендер қатарында сырбойылық жастар да бар. Атап айтсақ, әлеуметтік міндеттерді шешуге қосқан үлесі үшін Сағатбек Сиюов, тарихи-мәдени мұраларды сақтауға және дамытуға қосқан үлесі үшін Айдынбек Іскендіров, коронавирустық инфекциямен күреске қатысу номинациясы бойынша Әсем Мерековалар бар. Сондай-ақ пандемия кезінде жастардың басын біріктіруде ерекше үлес қосқан «Жастар ресурстық орталығы» КММ директорының орынбасары Талғат Тілес, «Jas Otan» жастар қанаты» облыстық филиалының кеңесшісі Әсем Қанарманова, «Өңірлік коммуникациялар орталығы» КММ маманы Ержан Жамбыл «Халық алғысы» медалімен марапатталды.

Мұхтар НИЯЗОВ, айтыскер ақын:

СЫР ЕЛІНЕ "АЛТЫН ДОМБЫРАНЫ" ӘКЕЛГЕНІМ ҮШІН БАҚЫТТЫМЫН

Ерасыл ШӘРІБЕК

Сыр елі сүлейлерінің сарқыты, айтыс өнерінің айтулы ақтаңгері Мұхтар Ниязовтың үшінші рет «Алтын домбыра» жүлдесін жеңіп алғаны жерлестер рухын бір көтерді. Облыс әкімінен бастап баршамыз әлеуметтік желі арқылы қуанышымызды білдірдік. Ең бастысы, «Алтын домбыра» қолымызда қалды. Нұр-Сұлтанда өткен "Алтын домбыра" аламан айтысында саңлақ бауырымыздың бәсі бәрінен жоғары тұрды. Оғланның оқ бойы озық екеніне әділқазының да, көрерменнің де көзі жетті. Сөйтіп, Мұхтар арқылы мерейіміз үстем болды, аймақтың аты алысқа шарлады. Біз жеңімпаз жерлесімізбен жедел желі арқылы байланысқа шығып, бірнеше сұраққа жауап алдық.

– Мұхтар аға, домбыра – қазақ үшін қасиетті музыкалық аспап, халық шері мен мұңын, қызығы мен қуанышын қос ішекке сыйдырған. "Алтын домбыра" тіпті құнды болып тұр. Бүгінгі заманда миллионер, миллиардер деген ұғым бар еді, енді алтынгер атануыңыз құтты болсын! Көңіл күйіңіз қалай?

– Рақмет, көңіл күйім тамаша! 2012 жылы ең алғаш "Алтын домбыраны" алып келген сәтте облыс әкімі Болатбек Қуандықовтың қабылдауында болып, сол кезде сұхбат бергенмін. Сол сұхбатта "Алла қалап, жеңістің басы басталды. Бұл қай уақытқа созылатыны беймәлім. Бірақ "Алтын домбыраны" түбі Сыр еліне алып келуді үлкен борыш санаймын" деп, өзгеге де, өзіме де уәде бердім. Бүгінгі жеңісім соның өтеуі болғандай әсердемін. "Жалғыз ағаш орман болмайды" демекші, барша тілеулес ағайынға алғыс айтамын.

– Биылғы доданың ерекшелігі – көрерменсіз өтуі. Әлеуметтік желіде айтыс қалай өтті деген сауал көп. Жалпақ жұртқа беймәлім болған айтысқа аз-кем тоқталсаңыз...

– Әлемді әбігерге салған пандемия тек айтысқа емес, біраз шараның өтуіне кедергі болды. Тіпті 4 жылда бір рет келетін Олимпиада ойындарының келер жылға ығысуына ықпал етті. Тарихта мұндай жағдай өте сирек кездеседі. Бірақ Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлованың, Nur Otan партиясының бірінші тәрағасы Бауыржан Байбектің ықпалымен, Жүрсін Ерман ағамыздың жанкештілігімен баба мұрасына айналған айтыс жоғары деңгейде өтті. Екі кезеңге бөліп өткізді. Алдыңғысы қараша айында өтсе, екінші кезең желтоқсан айына жоспарланды. Айтыс Нұр-Сұлтан қаласындағы Nomad холда өтті. Бірінші кезең көрерменсіз өтсе, ақтық сайыста 60 адамның тікелей тамашалауына рұқсат етілді. "Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды" демекші, залда отырған қауым қалың жұртқа әлеуметтік желі арқылы айтыстың жаңалығын жеткізді деп ойлаймын.

– Аламанның шарты бойынша үш дүркін жеңімпаз "Алтын домбыраның" қожайыны атанады. Осы жеңіс сіздің өміріңізге қалай әсер етеді?

– Тарихтан екі дүркін Социалистік Еңбек Ері, бес дүркін Олимпиада жеңімпазы дегенді естітінбіз. Сол тарихтарды ұлы бір тәңкерілген, ұлы бір оқиғамен жасалатын шығар деп ойлайтынмын. Кейде өмірдегі үлкен тарихтар елеусіз, қарапайым күндерде жасалады. Өмірдің қарапайымдылығы осынысымен құнды. Біздің де осындай тарихи сәтке ие болуымыздың себебі осында деп ойлаймын. Оғыз бен Сақ дәуірінен сыр шертіп, бүгінгі кезге дейін атына сын келтірмеген Сыр еліне "Алтын домбыраны" алып келгенім үшін өзімді бақытты санаймын. Бұл жеңіс өмірімді құлпыртып жіберуге үлес қоспаса да, рухани ләззаты жастарымыздың ұлт өнеріне қадам басуына ықпал етеді деп ойлаймын.

– Ақтық сында шығысқазақстандық Серік Қуанғанмен айтысып, қазылар алқасының қошеметіне бөленіпсіз. Қай жерде басым түстіңіз, қарсыласқа қай жерде есеңіз кетті?

– Ақтық сыңға 20 ақын арасынан 8 ақынға жолдама бұйырды. Жеребе арқылы Серік Қуанғанмен айтыстым. Өзіме өзім баға бергеннен аулақпын. Серік – Абай атамыздың елінен келген өте талантты ақын. Биыл Абай атамыздың 175 жылдығына орай өткізілген 3 айтыстың бас жүлдесін қанжығаға байласам, соның екеуінің ақтық сәтінде Серік Қуанғанмен жолықтым. Тілі шұрайлы, Моңғолиядан қазақтың бай сөздік қорын алып келген ақын інім. Мына жерде басым түстім, мына жерде ақсап қалдым деп айта алмаймын. Айтыс – сөздің барымтасы, өнердің боксы. Жалпы екеуміздің өнеріміз көптің көңілінен шығып, берген бағасы жоғары болды.

– Жалпы жұртшылыққа қызық сұрақ деп ойлаймын. Жеңіп алған жүлдеңізді не істейсіз?

– Бұл – Алланың берген ризық несібесі. Жүлдені анда-мұнда жұмсаймын деп жоспарлаған емеспін. Көптің игілігіне, халықтың керегіне жараса болғаны.

– "Ақмешіт жастары" газетінің оқырмандары үшін сізден бір қайырым болса...

– Сырдың елі өзі ғой бақ бесіктің,
Ақ ниеті кепілі нақ несіптің.
Жарқырасын, жайнасын, гүлдей берсін,
Жалындаған жастары Ақмешіттің!

– Рақмет, Мұхтар аға. Аламан айтыста абыройыңыз арта берсін!

«ЖЫЛ ВОЛОНТЕРІ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЫЙЛЫҒЫ КІМГЕ БҰИЫРДЫ?

Айгүл ҚАРЖАУБАЙҚЫЗЫ

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен Волонтер жылының ресми жабылу салтанатына куә болдық. Осы тұста игі бастамалардың басында жүрген 1000-ға жуық аймақ волонтерлеріне шынайы ризашылығымды білдіремін. Мұның барлығы – өткен еңбектің, төккен тердің жемісі. Баршаңызға алғыс білдіреміз, – деді облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова.

Бейнебайланыста аймақ басшысы мен 20-ға жуық волонтер болды.

Салтанатты жиында мемлекет басшысы волонтерлік қызметті қолдаудың бірыңғай стандартын жасауды тапсырды. Сондай-ақ қоғамға қызмет етуді жас буынның зердесіне тоқу үшін барлық білім мекемелерінде тақырыптық сабақтар мен факультативтік сағаттар енгізуді, сонымен қатар еріктілер ұйымына жүйелі қолдау көрсетіп, арнайы грант бөлу жұмысын жалғастыруды ұсынды. Жиында әр облыстың еріктілері тікелей байланысқа шығып, жыл көлемінде атқарған жұмыстарын баяндады. Мемлекет басшысы қоғамдық өмірдің дамуына қажет игі бастамалар мен қайырымдылық жобаларды жалғастырудың маңызын, еріктілік қызметін жетілдіруге арналған «Жол картасын» қабылдау қажетін айтып, жиынды қорытындылады.

– Үздік еріктілерді таңдау үшін байқау ұйымдастырылды. Аталмыш байқау екі кезең бойынша өтті. Бірінші, Google платформасындағы qazvolunteer арнайы сайты арқылы онлайн дауыс берілді. Бұл кезеңде жерлестерімнің қолдауымен 6 мыңнан жоғары дауыс жинадым. Екінші кезеңде арнайы комиссия мүшелерінің балл беруі арқылы таңдалды. Осы екі кезеңнен сүрінбей өтіп, халықаралық байқаудың жеңімпазы атанғаныма қуаныштымын. Одан бөлек, еріктілер деген ұғымның маңызы қалыптасып, еріктілерге деген құрметтің артқаны да қуантады. Мұның барлығы қысылтаяң уақытта халықпен етене араласқан белсенді жастардың ерен еңбегі деуге болады. Осындай игі бастама барысында қолдау көрсеткен сырбойылықтарға алғысымды білдіремін, – дейді «Жылы жүрек» жастар қоғамдық бірлестігінің тәрағасы Сағатбек Қуанышбайұлы.

Қызылорда облысы республика бойынша алғашқылардың бірі болып 700-ге жуық еріктіні біріктірген Сыр еріктілері штабын құрды. Мемлекет басшысының қолдауымен мыңнан астам қайырымдылық іс-шарасы өтті. Еріктілер мен кәсіпкерлер тарапынан аз қамтылған, көмекке мұқтаж жандарға 11 баспана салынды. «Birgemiz Qyzylorda» қоры арқылы 24 мыңнан астам отбасына көмек көрсетілді. Бұл – еріктілердің бір жылда атқарған жұмысының нәтижесі.

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ: 175 ОРЫН

10 желтоқсанда халықаралық қауымдастық Адам құқықтары күнін атап өтеді. 1948 жылдың дәл осы күнінде БҰҰ Бас Ассамблеясы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын қабылдады. Декларация ережелері негізінде адам құқықтары бойынша 80-нен астам халықаралық келісім жасалған.

Ерхан АҚЫН

Осылайша,әлемдік бастаманың табысты іске асырылуы арқасында 1976 жылы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт қолданысқа енді. Жалпыға бірдей декларацияда бекітілген құқықтардың көбі келешектің дамуына негіз болды, нәтижесінде, оларды бекіткен мемлекеттер, соның ішінде Қазақстан үшін де олар міндетті заңды күшке ие болды. Бұнда заң алдындағы теңдік, еркін пікір айту, еңбекке, әлеуметтік қамтамасыз етуге және білімге берілетін құқық сияқты басты құқықтар бекітілді.

Қазіргі замандағы адам құқықтары – жалпы адамзаттық мәдениеттің қуатты бөлігі. Ол – аса қымбат, оны құрметтеу, сақтау және қорғау – мемлекеттің, әрбір азаматтың міндеті. Адам құқығын, оны қалай қорғап қалуды білуі керек, әйтпесе құқықтың тиімділігі туралы айтудың мән-мағынасы болмайды. Елімізде адам құқығын қорғау өте үлкен жауапкершілікті талап етеді. Адам құқықтары мен заңды мудделерін қорғау – Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат концепциясында 2020 жылға дейін отбасылық-тұрмыстық салада және адам құқығына қатысты заң бұзушылықтарды 20 пайызға азайту көзделген. Алайда кейінгі 5 жылда елімізде адам құқығын бұзу тұрақты түрде артқан.

2015 жылы денсаулыққа қасақана ауыр залал келтіру бойынша тіркелген оқиғалар 8,6% болса, 2019 жылы оның саны 18,7%-ды құрады. Отбасылық-тұрмыстық салада денсаулыққа қасақана орташа ауыр деңгейде залал келтіру оқиғалары 2015 жылы – 2 %, 2019 жылы – 11% болды. 2020 жылдың тек алғашқы 5 айында отбасылық-тұрмыстық құқық бұзушылықтардың саны 25%-ға өскен. Freedom House халықаралық үкіметтік емес ұйымның сөз бостандығы саласындағы Freedom of the Press статистикалық мәліметтері бойынша Қазақстан 196 мемлекеттің ішінде 175 орында 85 ұпаймен «сөз бостандығы жоқ ел» деп танылған .

«Адам құқығы» және «Азамат құқығы» деген ұғым бар. Бұл екеуінің арасында айырмашылық бар. Біріншіден, адам құқығының мемлекеттік бекітулерден, қандай да бір мемлекеттік қатынасқа қарамай тәуелсіз өмір сүруі. Екіншіден, мәртебесі жоқ, яғни адам өз құқығының иесі. Адам құқығы – жоғары құндылық, оны құрметтеу, сақтау және қорғау – мемлекеттің міндеті.

ВИРУСТАН САҚТАНУ ЖОЛДАРЫ

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов карантин талаптарын сақтай отырып «Кітап құрттары» клубының мүшелерімен кездесті.

Еркін форматтағы шарада аймақтағы эпидемиологиялық ахуал сөз болды және жастар вирустан сақтанудың тиімді жолдарын талқылады.

– Осы кезге дейін облыста 3296 жағдай анықталды. Бірінші дерек наурыз айының соңында тіркелді. Сол тұста тұрғындардың вирус барына сенбегенінен жағдай күрделене түсті. Бұл мәселе жастардың, жалпы қала тұрғындарының сақтыққа салғырт қарамауға, қауіпсіздікті қаперден шығармауға үндейді, – деді Н. Байқадамов.

Кездесуге санитарлық-эпидемиологиялық қызмет өкілдері де қатысып, жастарға әлеуметтік қашықтықты сақтау, жеке гигиенаға баса мән беру және бетперде тағудың маңызын түсіндірді. Қатысушылар вирусология мен эпидемиология жайлы медициналық тақырыпты да талқылады.

ПРОКУРОР БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

Осындай арман арқалаған жастар 6 желтоқсан – Прокуратура күніне орай ұйымдастырылған шараға қатысты. Кездесуде қалалық прокуратураның қызметкері Феруза Закирова қатысушылармен еркін пікір алмасты.

Спикер қаладағы төтенше жағдай кезіндегі ахуалмен бірге осы кезеңде жалған ақпарат таратқандарға қандай жаза қаралғанын баяндады. Сонымен қатар маңызды саланы неліктен таңдағанын айтып, болашақта өзін прокуратура қызметінде елестететін жастарға бірқатар кеңес берді.

Жастар барлық сауалына жауап алды, мақсатын айқындады және кездесу қонағына ерекше ілтипат көрсетті. Жастар ресурстық орталығы директорының орынбасары Талғат Тілесов Ферузаға естелік сый мен алғыс хат табыстады.

АЛҒАШҚЫ ҮШТІККЕ ЕНДІ

Аймақта дислокациялық пункт және жедел жәрдем стансасының қосымша бөлімі ашылды. Алдағы уақытта тағы да дислокация пункттерінің санын көбейту жоспарлануда. Сондай-ақ облыстық жедел жәрдемге лизинг арқылы 40 дана санитариялық автокөлік алынып, аудандық бөлімдерге жөнелтілді.

– Бүгінде жедел жәрдем стансасында 49 топ жұмыс істейді. Облыс бойынша алыс елді мекендердің халқы жедел-жәрдем көлігімен, дәрі-дәрмекпен, медициналық құралдармен шұғыл медициналық көмек алуда. Сонымен қатар уақытты жоғалту және байланыс болмай немесе өтініш алуға тиісті медициналық қызметкер орнынан табылмай қалу қаупі жоқ және болған да емес. Шақырыс автоматты түрде жедел топтың қолындағы смартфонға түседі және тәулік бойы GPS бақылауында болады. Осы кезге дейін «Көмек» автоматты басқару жүйесінің істен шығуы орын алған жоқ, бағдарламаны әзірлеушілеріне байланыс тәулік бойы қол жетімді. Қазіргі таңда облыстың шақырыс топтарын рациямен қосымша жабдықтау қарастырылуда. Барлық шақырыс топтары шұғыл медициналық көмек көрсетудің бірыңғай стандарт және алгоритмдеріне сай қызмет етуде. Жаппай жол-көлік оқиғаларында, уланулар мен басқа да төтенше жағдайларда өзара бірыңғай жұмыс істеудің тактикасы жасалды. Айта кетейін, біздің өңір ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығының бағалау рейтингі бойынша алғашқы үштікке енді, – деді облыстық медициналық жедел жәрдем стансасының бас дәрігері Алмат Құрманғали.

ЖҰМЫСШЫЛАР МӘСЕЛЕСІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Облыстық мәслихаттағы Nur Otan партиясының депутаттық фракция мүшелері "Әлеуметтік қамтамасыз ету және еңбек қатынастары" тақырыбы бойынша кәсіподақ жетекшілерімен кездесті.

Фракция жетекшісі Ибадулла Құттықожаевтың жетекшілігімен өткен жиынға Nur Otan партиясының депутаттық фракция мүшесі Р.Байназарова, салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының облыстық комитет төрайымы Г.Есқалиева, «Қазақстандық теміржол, автокөлік, әуе және су көлігі қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалы төрағасы Б.Ахметов, «Senim» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы Қызылорда филиалының мүшесі А.Серікұлы қатысты. Қатысушылар облыста еңбек заңнамаларының сақталуын қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстарды талқылады.

С.Сермағамбетов, «Қызылорда облыстық кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы:

– Жұмыспен қамтылған халықтың 30 пайызы ғана кәсіподақ ұйымына мүше. Барлық мекемелерде ұжымдық шарттың орындалуын бақылауды күшейту керек. Барлық салада еңбек қатынастарын бақылап отырмыз. Әсіресе жұмысшылардың қауіпсіздігі басты назарда.

Қызылорда облысының еңбек саласындағы бақылау басқармасының бөлім басшысы Н.Жапақов бірнеше мәселені қозғады.

– Жыл басынан бері облыс бойынша кәсіпорындар мен мекемелерде 114 тексеру жұмысы жүргізілді. 161 заңбұзушылық анықталды. Жалпы 10 айда 27 жеке және заңды тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Жұмыскерлерге жалақы қарызын төлеу мәселесі – басқарма назарында. 10 айда ықпал ету шаралары нәтижесінде 16 кәсіпорынның 4631 жұмыскеріне 616,5 млн теңге жалақы қарызын төледі. Аталған кәсіпорын облыстық кірістер департаментінің бақылауында. 45 жазатайым оқиға бойынша арнайы тергеп-тексеру жүргізіліп, тиісті шаралар жасалды. Басқарма тарапынан жұмыс берушілерге жұмыскерлердің еңбек шарттарын «Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне» электронды түрде енгізу үшін түсіндірме жұмыстары тұрақты жүргізілуде, – деді ол. Кездесуде кәсіподақ жетекшілері өз ұсыныстарымен бөлісіп, өзара пікір алмасты.

МӘМС: 646 МЫҢ ӨТІНІШ

Жыл басынан бері әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына азаматтардан 646 мыңнан астам өтініш түсті.

Биыл әртүрлі кері байланыс арналары арқылы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына халықтан 646 мыңнан астам өтініш түсті, ең белсендісі Алматы, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларының тұрғындары болды. Өтініш білдіру себептерінің арасында: МӘМС мәртебесін алу, дәрілік заттардың болмауы, консультациялық-диагностикалық қызметтерді ұзақ күту, емханалар мен стационарларда медициналық көмек көрсету сапасы, медициналық ұйым қызметкерлерінің дәрігерлік этика мен деонтологияны сақтамауы, емдеуге жатқызудан бас тарту және т. б.

Өтініштердің басым бөлігі немесе 618 мыңы консультациялық сипатқа ие, 7314 – шағым, 2816 – медициналық ұйымдар мен дәрігерлерге алғыс, 229 – жұмыс сапасын арттыру бойынша ұсыныстар.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының кері байланыс арналары арасында жасырын көшбасшы позициясын 1406 байланыс орталығы иеленді, ол жыл басынан бері 563 мыңнан астам қоңырау қабылдады. Операторларға ең үлкен жүктеме жазғы кезеңде болды. Сонымен қатар абоненттердің сұрақтары эпидемиологиялық жағдайда медициналық көмек алуға ғана қатысты емес, өтініш берушілер азық-түлік сатып алуға қаражаттың жоқтығына, жеке өміріндегі мәселелерге шағымданған жағдайлар болған.

Бұдан әрі Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы арқылы жыл басынан бері азаматтардан 72 мыңнан астам месседж тіркелген. @SaqtandyryBot телеграмм-бот арқылы 2489 өтініш түскен.

МАЛ ҰРЛЫҒЫ АЗАЙДЫ

Биыл облыстық прокуратура негізгі жұмысын құқық бұзушылықтың алдын алу шараларына бағыттады. Соның нәтижесінде жалпы тіркелген қылмыстың 36 пайызға төмендеуіне оң әсерін тигізді. Бұл жөнінде облыстық прокуратураның аппарат басшысы Азамат Баянбайұлы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте жан-жақты айтып берді.

– Прокуратура бұрын сотты болған азаматтарды қайта қылмыс жасауға жол бермеу мәселесіне назар аударды. Осы мақсатта жұмыс тобы құрылып, облыста осындай жағдайдағы 1117 адамның тізімі жасалды. Аталған азаматтар жасыл, сары, қызыл санаттарға енгізілді. Нәтижесінде олардың тұрмыстық жағдайы назарға алынды. Сондай-ақ қала аумағында полиция органымен бірлесе отырып, 14 учаскелік аймақта маскүнемдікпен және нашақорлықпен есепте тұрғандар бойынша алдын алу шаралары атқарылды. Ол бұрын сотты болған азаматтардың қайта қылмыс жасауын 16 пайызға азайтты, – деді Азамат Баянбайұлы.

Прокуратура ықпалымен аудандарда мал ұрлығын төмендету бағытында тиісті іс-шаралар жүзеге асты. Соның арқасында мал ұрлығы 32 пайызға кеміді. Бұл бағытта Шиелі, Жаңақорған аудандарында малды кезектесіп бағу ісі оң нәтиже берді. Алдағы уақытта бұл тәжірибені өзге аудандарда да қолға алуға көңіл бөлінеді. Себебі, қазір Арал ауданында мал ұрлығы 42 пайызға өскен.

Кәсіпкерлікті қолдау бағытында нақты жұмыстар жүргізілген. Тиісті орындар тарапынан тексеру барысы таразыланып, 7 заңсыздық анықталған. Бүгінде кәсіпкерлердің құқығын қорғау мақсатында прокуратура жанынан мобильді топ құрылған.

„ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ"

№5 мектеп-лицейде қалалық білім бөлімі мен кәсіподақ ұйымы бірлесе отырып «Отбасы құндылықтары. Гендерлік саясаттың бүгіні мен ертеңі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.



Дөңгелек үстелдің басты мақсаты – бала және әйел адамға зорлық-зомбылық жасалмайтын «Бақытты ел – Қазақстан» моделін құру. Оған қалалық білім бөлімінің кәсіподақ төрайымы О.Әлімбетова, полиция майоры С.Салходжинова, ардагер ұстаз М.Мұсабаева, көп балалы ана, ұстаз А.Сырғабаева және де 8-11 сынып оқушылары қатысты.

Қазір отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықты болдырмау мақсатында мемлекеттің барлық шараны қабылдағанына қарамастан, кейбір отбасыларда аналарға және балаларға ерлері яғни, әкелері тарапынан жасалатын физиологиялық, психологиялық зәбір көрсету тыйылмай отыр.

Жыл сайын 25 қарашадан бастап 10 желтоқсанға дейін БҰҰ бас ассамблеясының бастамасымен әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің халықаралық күні аталып өтеді.

Жиынға қатысушылар күн тәртібіндегі өзекті мәселеге қатысты өз пікір-ұсыныстарын ортаға салды. Мысалы, мұндай жағдайларда мұқтаж аналарға материалдық-моральдық тұрғыдан көмек көрсетіліп, оларды қандай да бір еңбекпен қамтитын, психологиялық жағынан сауығуына көмектесетін, қалыпты өмір сүруіне жәрдемдесетін дағдарыс орталықтарының қажет екені туралы әңгіме қозғалды. Сонымен қатар осы мәселені шешу үшін құқық қорғау органдары ғана емес, мемлекеттік құрылымдардың, қоғамдық бірлестіктердің, БАҚ-тың күшін біріктіру де әңгіме арқауына айналды.

ХХІ ҒАСЫР ОҚУШЫСЫ

«ХХІ ғасыр оқушысы» халықаралық қашықтан өткен олимпиадасында Ж.Маханбетов ауылындағы «Ansar-Kausar-2020» жеке бастауыш сынып мектебінің оқушылары Айару Марат пен Еңлік Жорабек жүлделі І орынды иеленді.

Еліміздің білім беру мен ғылым жүйесін жаңғырту үшін әр балаға заманауи, сапалы тәрбие мен білім қолжетімді болу керек. Бүгінде «Ansar-Kausar-2020» серіктестігі жеке бастауыш сынып мектебі осы бағытта жұмыс істеп келеді. Құрылтайшы Берікгүл Дәржанқызы заманауи үлгіде салынған ғимаратты қыркүйек айында пайдалануға берген. Талапқа сай жасалған мектепте балалар тек білім алып қана қоймай, үш мезгіл ыстық тамақпен қамтылған. Түске дейін мемлекеттік бағдарлама аясында білім алса, түстен кейін қосымша ән, би, шахмат, спорт үйірмелеріне қатысады.

Мектеп мұғалімдері инновациялық, педагогикалық технологияларды қолдана отырып, кәсіби құзыреттілікті меңгерген. Ашылғанына аз уақыт болса да, оқушылары білім бәйгесіне қатысуда. Жаңартылған бағдарлама бойынша бастауыш сынып пәндерін оқытуда оқушылардың шығармашылығын арттыру жолға қойылған. Нәтижесінде «ХХІ ғасыр оқушысы» халықаралық қашықтан өткен олимпиадасында мектеп шәкірттері биіктен көрінді.

Фарида СӘБИТҚЫЗЫ

Бетті дайындаған: Мөлдір САБЫРЖАН

«COVID 19»: ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯНЫҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ

«Сынақ – мүмкіндік». Жұмыр жер деп аталатын ғалам тұрғындарын тік тұрғызған (әлі де қаупі сейілмеген) коронавирус пандемиясы қарым-қатынастың барлық саласында заманауи талаптарды күшейтті. Оның ішінде телекоммуникация да бар. Әсіресе карантин кезінде абоненттердің сұраныс-тілегі әлденешеге артты, қажеттілігі онсыз да күн тәртібінде тұрған кей мәселелердің шешілуін жеделдетті.



Осыдан екі ғасырға жуық уақыт бұрын Меуччи деген итальяндық бір пақыр отырған жеріңізден басқа бір жердегі адаммен электр желілері арқылы сөйлесетін жаңалығын жүзеге асыру үшін банкке қаржы сұрап барғанында ондағылар алаяқ деп қуып шыққан екен. Кейін басқа өнертапқыштар жүзеге асырған оның бұл жаңалығы «телефон» деген атпен тарихта қалды. Дәуірлер алмасып, сансыз телефон желілерін сымсыз байланыс ауыстырды. Қазір бұның қолданыс аясы өзінің байланыс орнату шегінен де асып түсті. Сондықтан болар, бұрын үйіңізге телефон желісін орнату жеткілікті деп санайтын телефонистердің сөздік қорына «модем», «порт», «порттық сыйымдылық», «FTTH», т.б. сөздер оп-оңай сіңіп кетті.

Телекоммуникация дегеніміз ол бұрынғыдай телефон байланысы ғана емес, ол – шексіз интернет, онлайн-мектеп, бизнеске арналған платформа, онлайн сауда, т.б. сан салада қызмет көрсететін әлеуетті ресурс. Инновация мен технологияның озық үлгісі саналатын smart home, smart city аясындағы қызметтерді де телекоммуникациясыз елестете алмаймыз. Қазақтелеком басқарма АҚ Төрағасы Қ.Есекеевтің өзі айтатынындай, пандемияның аты түгілі заты жоқ кезде ойластырып, жүзеге асырған Ismet.kz платформасы бизнеске қатысты барлық шаруаны онлайн атқаруға мүмкіндік береді, яғни мұнда тіркелген кәсіпкерлер өзгелердің қызметін сатып алып, өзінің де тауарын онлайн саудалай алады. Бұл жоба о баста уақыт пен шығынды үнемдеу мақсатында қолға алынғанын ескерсек, санитариялық талаптар басты орынға шыққан бүгінгідей қоғамда нағыз қажеттеліктің өзі болып отыр. Карантин кезінде бұл порталды 150 000 адам қолданған, қазір 21000-нан астам тұрақты қолданушысы бар.

Абоненттерге қолайлы және қауіпсіз болуы үшін және уақытын үнемдеу үшін ірі байланыс операторы наурыз айында +77080000160 нөмірінде WhatsApp Business және Telegram жаңа онлайн қызмет арналарын іске қосты, сонымен қатар telecom.kz сайтындағы жеке кабинетті жетілдірді. Нәтижесінде күн сайын 5000-ға жуық абонент өз сұранысын қашықтан қанағаттандырып отыр. Бұған жақында қосылған бейне кеңес беру қызметі өз артықшылығымен-ақ лезде танымал болып үлгерді. Күніне 2500-нан астам абонент өтінішін осында қалдырады.

Бүгінде интернетке қажеттілік бұрын-соңды болмаған дәрежеде артты. Тек қана биылғы наурыз айының өзінде Қазақтелекомның абоненттік базасы 25000 жаңа клиентпен толыққан, ал бұл жүктеме әл-әзір артпаса азайған жоқ. Өзіңіз елестетіп көріңіз: үйге тартылған бір желіден бір мезетте үйдегі адамның әрқайсысы телевизор, планшет, компьютер, смартфон арқылы бірі сабақ оқыса, бірі кино қарайды, енді бірі онлайн жиналыста отыр, бірі бейнеқоңыраумен сөйлесу үстінде. Осының бәрі интернет жүктемесін арттырады. Осыған сәйкес интернет арналарын кеңейту бағытында бірқатар шаралар қолға алынған.

Төтенше жағдай жарияланған уақыттан бері Қазақтелеком сыртқы интернет арналарының өткізу қабілетін арттыру үшін провайдерлермен жедел келіссөздер жүргізді. Қазір бұл арналар шамамен 25%-ке кеңейтілді, бұл сырттан келетін интернет арналарын жүктемеуге және ұсынылатын қызмет сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Қарапайым тілмен айтар болсақ, бүгінде Қазақстанішілік трафик бар, бұл еліміздегі барлық интернет ресурстар мен хостинг өз тізгінімізде деген сөз. Мұнымен қоса хостингі сыртта Facebook, Youtube сияқты шетелдік трафиктер компанияның дата орталықтарындағы серверлерге кэштеледі де, сәйкесінше көптеген танымал ресурстарға қосылу жылдам әрі сапалы болып отыр.

Бүгінде Қазақтелеком компаниялар тобына тиесілі Activ/Kcell, Tele2, Altel байланыс операторларымен бірге еліміздегі үш ұялы байланыс операторлары «МТС» ЖШС, «Кcell» АҚ және «Картел» ЖШС ауыл үшін шеринг «+250» жобасын қолға алды. Бұл келісім бойынша Қазақтелеком АҚ жүргізген талшықты-оптикалық байланыс желілеріне қосылу арқылы 250 және одан да көп тұрғыны бар ауылдарда жоғары жылдамдықтағы интернетке ие инфрақұрылым құру жоспарлануда. Енді үш оператордың әрқайсысы кең жолақты интернетпен қамтитын базалық станциясының желісін барлық ауылға орналастырады.

«Бұл қай ауылда тұрғанына қарамастан әрбір азаматтың байланыс қызметін алу құқығын қамтамасыз етеді, – дейді ҚР Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің орынбасары Д.Тұяқов. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, желілік инфрақұрылымды бөлісу шешімдері нарықтық жағдайда өте тиімді, мәселен, Ұлыбритания, Швеция, Франция, Үндістан, Австралия, Бразилия, т.б. елдерде бұл уақыт сынынан өткен. Әрі бұл ауыл тұрғындарына қызмет көрсетушіні өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді, яғни ұялы байланыс операторын сеть ұстайтыны үшін ғана емес, қызмет сапасы үшін таңдай алады. Бұл телекоммуникация нарығындағы жаңа қадам деп бағаланады. Осылайша ауыл мен қала арасындағы цифрлық алшақтық жойылады. Мамандар күткеніндей, бұл елдің экономикалық дамуының жаңа драйвері болмақ.

Бір айта кетерлігі, бұл әлеуметтік бағдарлама 35 жылдан кейін ғана өтеледі дейді мамандар. Құрылыс жұмыстарындағы күрделі шығын, электр энергиясын жеткізу, желіні пайдалану шығыны – мұның барлығы халық санының тым аздығынан. Егер әріптестік аясында немесе мемлекеттің жақында енгізетін арнайы салық жеңілдігі болмаса, бұл жобаны жүзеге асырудың өзі мұң болар еді.

Қазіргі кезде телекоммуникациялық сектордың алдында тұрған негізгі проблема – тұрақты даму мен бизнесті әртараптандырудың ұзақ мерзімді траекториясын таңдау. Сымсыз байланыс нарығы шарықтау шегіне жетті де, тұрақты байланыс сегменті, яғни үйдегі тіркелген телефондар қиын кезеңге тап болды, өйткені дәстүрлі байланыс қызметі біртіндеп қолданыстан шығуда. Сондықтан байланыс операторлары бизнестің жаңа салаларына инвестиция салады және өз пайдаланушылары үшін қосымша қызмет көрсетеді.

Егер әлемдік телекоммуникациялық компаниялардың стратегиялық дамуына талдау жасайтын болсақ, бірнеше негізгі бағытты көреміз. Бұл саланы цифрландыру, мобильді және тіркелген байланыс конвергенциясының тұтынушы контентіне бағдарлануы, бұл өз кезегінде сапалы инфрақұрылымға деген сұранысты арттырады. Тағы бір мәселе – бірлесу, жергілікті және халықаралық нарықта операторлардың өзара инфрақұрылымдарын біріктіріп, синергия құру арқылы өсу. Қазірдің өзінде шоғырландыру кезеңінен өтіп, қызметтерді цифрландыруға, ұялы және тіркелген байланыстардың конвергенциясына белсенді қатысатын Қазақтелеком тестілеуден кейін 5G байланысын модернизациялау жолдарын қарастыруда. Әлемдік телекоммуникация өндірісінде көшбасшы Ericson швед компаниясымен меморандум аясында фискальды-сымсыз байланыс (FWA), кеңжолақты мобильді байланыс (eMBB), машинааралық өзара байланыс (mMTC) технологиясының үш кезеңі, сондай-ақ радиожелісі (vRAN) жаңа қоғамның заманауи шешімі болмақ.

Айжан ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ

ZHAS MAMAN

БЕКЗАТ – МҰҒАЛІМ

Осы бір ұзын бойлы, ірі денелі, аққұба өңді, жылы жүзді балаң жігітті қашан көрсеңіз оқушылар «ағай, ағай» деп қаумалап жүреді. Ірілігі болмаса, оқушыға бергісіз тап-таза, қағілез әрі сергек болмысына қарап, оны ортасынан ажырата да алмас едіңіз. Бұл Қызылордадағы С.Лапин атындағы №261 орта мектептің информатика пәнінің мұғалімі – Бекзат Асқаров.

Оны оқушыларға сүйкімді ететін бір қыры, ол сабақтан тыс уақытта мектептің жайдарманшыларын дайындайды. «Күлдіре білу – өнер» десек, әзіл мен қалжыңға бай, біртуар қақпайы бар, жатыпатар балалардың оны үйірсектеуінің бір себебі де осында. Әсіресе жеткіншектер мен жасөспірімдердің сүйікті «Жайдарман» ойындары теледидардан беріле бастағаннан көгілдір экран алдында отыратын балаң буын экранға шықпас бұрын әуеліауданда не қалада, сосын облыста үздік болу керегін жақсы біледі, әрі мұның мектепішілік іріктеулерінің қызығы өз алдына. Сондықтан мектеп сахнасының гүлі – жайдарманшыларға қызықпайтын оқушы кемде кем. Бекзат мұғалім де бұл оқушыларды жан-тәнімен түсінеді, әрі барлық бала біткеннің тапқыр болатынын, оны ашу үшін жақынырақ тану керек екенін де сезеді. Мектепішілік немесе мектепаралық бағдарламаларға сценарий жазғанда балалардың өзімен жиі ақылдасады. Сабақтан тыс уақытта оқушыларды іс-шараларға еркін қатыстырып, қоғамдық іске баулуға өзінің де бір бүйрегі бұрып тұрады. Өйткені мұндай балалардың көбінде көпшіл, ұйымдастырушылыққа бейім әрі жауапкершілікті жақсы сезінетінін біледі. Бекзатты өзінің оқушы кезіндегі көңілді тапқырлар ойындарына қызығушылығы студент жылдарында М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық жоғары колледжінің сахнасында шыңдады. Облыстық, республикалық жарыстарда оқ бойы озып шығып, колледж намысын қалай қорғаса, қазір оқушылары мектеп намысын ағайларымен тең қорғауға бар күшін салып жүр.

Бұл – Бекзат Сәкенұлының сабақтан тыс уақытта балалар қызығушылығы бойынша ұйымдастырып жүрген жұмысының бір парасы. «Жас келсе – іске» дегендей, оның креативті бастамалары әрине мұнымен шектелмейтіні анық.

Бекзат – информатика пәнінің мұғалімі.

«Мамандығым бағдарламалаушы болатын. Мектепке сол мамандығым бойынша жұмысқа орналастым. Алайда уақыт өте келе информатика пәнінен сабақ беруге қызығушылығым оянды. Мектепте ер мұғалімдердің жетіспеушілігі де жиі көтерілетін мәселе ғой. Сондықтан бағымды сынап көргім келді. Сөйтіп колледжден соң «Болашақ» университетіне оқуға түстім, – дейді ол. – Компьютер деген – сондай қызық әлем. Оқушылар былайынша уақытта да компьютерге үйірсек келеді емес пе?! Оқушы кезімізде «бұзып қоясың» деп бізді компьютердің маңына жолатпайтын. Мен осы олқылықтың орнын толтырғым келді. Оқушылар өздері онсыз да қызығатын бұл пәннен сабақ беру әрі оңай, әрі қиын, жауапкершілігі өте зор. Өйткені балалардың қызығушылығын одан әрі дамыту, жетілдіру, үнемі жаңалықтардан хабардар ету үшін мұғалімнің өзі де жаңашыл болу керек, әрі осы пәнді өзі қатты жақсы көру керек деп есептеймін. Мұнымен қоса бұрынғы информатика пәнін оқыту мен бүгінгі талаптар екеуі екі басқа әлем. Уақыт өзгерген сайын, компьютерлер жетілдірілген сайын бұрынғы түсініктер де ескіре береді. Техника мен технология дамуының жылдамдығына көз ілеспейді, сол сияқты оны оқытудың әдіс-тәсілдері, бірінші кезекте білуге тиісті ұғым-түсініктер де жаңарып отырады. Сондықтан өзім сабақ беретін пән бойынша да, педагогикалық бағытта та қандай жақсы курстар, семинарлар болса, бірінші кезекте қалмауға тырысамын. Өйткені мұндай оқулардың маған пайдасы ұшан-теңіз. «Білгенім – бір тоғыз, білмегенім – тоқсан тоғыз» деп тегін айтпаған ғой», – дейді Бекзат мұғалім пәні бойынша шабыттана әңгімелеп.

«Мақсатым – оқу, оқу және оқу. Оқи жүріп, үйрене жүріп, оқыта алатынымды, үйрете алатынымды терең түсіндім. Өз саламда заман талабына сай озық болуды алдыма мақсат етіп қойдым», – дейді Бекзат.

Бекзаттың оқушыларын оқыта жүріп, өзі де оқудан, үйренуден талмайтын қасиеті оны әркез мақтауға лайық етіп тұрады. Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Бағдарламалау, робот техникасы және 3D-притинг» бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы аясында академиялық оқыту курсынан өтуі, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы өткізген ҚР жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері үшін критериалды бағалау бойынша каникулдық мектеп шеңберіндегі семинарға қатысуы, т.б. осының дәлелі. «Жаңаша оқытудағы критериалды бағалаудың ерекшеліктері» бойынша бірнеше сертификаты бар. Инновациялық педагогикалық әдіс-тәсілдер жәрмеңкесінде де заманауи талаптарға сай әдістемелік шеберлігімен көзге түсті.

«Жаңашыл, шебер мұғалімдердің қатарынан өзімді көргім келеді». Бұл – Бекзаттың арманы. Егер адам өзі таңдаған жолдың дұрыстығына және оның болашағына сенсе, әрине, ол алмайтын қамал жоқ. Бүгінгі бала мұғалім – ертеңгі дана мұғалім. Ұлт шамшырағы ұстаздың айнымас асыл мұратына біз де сенеміз.

Ж.САҒИДА

"БАСТАУДАН" КӘСІБІН БАСТАҒАН

"Бастау" жобасы біраз адамға серпін берді. Себебі кімнің болса да кәсіп бастағысы келсе, бар мәселе қаржыға келіп тіреледі. "Не істеймін", "неден бастаймын" деген сұрақтар шаш етектен. Осылайша "Кәсіпкерлер палатасына" жол тартады. Мамандардан "қай кәсіпке бет бұру керек, қандай жеңілдік бар, субцидия қалай бөленеді осы және өзгеде сұрақтар төңірегіндегі кез келген сұрақтың жауабын алуға болады. Жалағаштық Әмірбек Жұрынбаев та "Бастау" жобасы аясында кәсібін бастаған.

Жалағашта мемлекеттік бағдарлама аясында кәсіпкерлік саласындағы біліктіліктерін арттырып, мал шаруашылығын кәсіпке айналдыра бастаған азаматтар қатары жылдан-жылға артып келеді. Оған дәлел ауданда мал басы көбейіп, ет-сүт өнімдерінің де көлемі ұлғаюда.

Әмірбек Жұрынбаев жастайынан мал шаруашылығымен айналысады. Сондықтан да малды күтіп-баптаудың жай-күйін жақсы біледі. Есік алдындағы азын-аулақ ірі қарасын көбейтіп, кәсіпке айналдырғысы келген ол Кәсіпкерлер палатасының аудандық филиалының мамандарынан кеңес алады. Осылайша Әмірбек өткен жылы «Бастау» жобасын тәмамдап, «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығынан жеңілдікпен 2 млн теңге несиеге қол жеткізеді. Оған 8 бас ірі қара сатып алып, кәсібін бастап кетеді.

– Мал шаруашылығымен айналысқаныма біраз болды. Ауылда тұрған соң кәсіптің тиімді түрі ретінде осы саланы таңдадым. Ойымды Кәсіпкерлер палатасының аудандық филиалындағы мамандармен талқылап, «Бастау» жобасы арқылы біліктілігімді жетілдірдім. Ісімді жүргізуге аймақтағы кәсіпкерлікті қолдауға арналған қаржы ұйымы – Өңірлік инвестициялық орталығы жақсы қолдау болуда. Осылайша сүт бағытындағы сиырларды алып, жұмыс жасаудамын. Кәсібімді бастағаныма да бір жыл болды. Қазір сүтін сауып, құрт-май қылып, сатып, тіршілігімді жасап жатырмын,– дейді Әмірбек Жұрынбаев.

Бүгінде сүт бағытында шаруашылығын дамытып отырған кәсіпкердің он бестен аса сиыры бар. Алдағы уақытта мал басын көбейтіп, аудан тұрғындарын табиғи өніммен қамтуды жоспарлауда.

– Ер жігітке мал бағу, оны баптау аса қиындық тудырмасы белгілі. Ал өзім мал басын көбейтуді білемін. Басы-қасында өзім жүрген соң аса қиындық тудырмайды. Сондықтан да осы кәсіп түрін таңдадым. Болашақта мал санын көбейту жоспарда бар, – дейді кәсіпкер.

Айта кетейік, Жалағаш ауданынан «Бастау» жобасы бойынша өткен жылы 380 адам оқып, 197 азаматтың жобасы қаржыландырылса, биыл 175 жалағаштық жоба аясында білім алды. Бүгінде 113 жоба қаржыландырылды.

ЕРІКТІ ЕҢБЕГІ ЕЛЕНДІ

Биыл еріктілердің жұмысы ерекше көзге түсті. Себебі пандемия кезіндегі олардың ерлігін сөзбен жеткізу қиын. Қызылордадан бөлек, елдің түпкір-түпкірінде еріктілер елге қызмет көрсетті. Азық-түлікті көрсетілген мекен-жай бойынша апарып, одан қалды автоволонтер ретінде де қызмет атқарды. Өзгелер секілді "біздің еңбегіміз қашан бағаланады", "біз қашан марапат биігінен көрінеміз" деп ешкімнен ештеңе күткен емес. Барлығы елге адал қызмет етуді мүдде қылды. Мұны елге танытқан жанашырлық десе де болады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былай дейді:

– Еріктілер шын мәнінде, қарапайым адамның мүддесі үшін қайырымдылықтың, шынайылықтың, имандылықтың символына айналды. Волонтерлік – нағыз патриотизмнің көрінісі. Осы жылды Волонтерлар жылы деп жарияладым. Еріктілерді мақтан тұтамын және олардың орасан зор әрі пайдалы жұмыстарына әсіресе пандемия кезіндегі еңбектері үшін ризашылығымды білдіремін. Волонтерлік уақытша науқан емес, ол – он мыңдаған азаматтардың жан тебіренісі. Біз әрқашан біргеміз.

Жақсылыққа жұмылған жандар біздің Сыр өңірінде де жеткілікті. Елдің басына түскен қиындықты көтеруге иығын тосқан, өз уақытын аямай, еріктілер қатарына қосылған осындай белсенділер үшін 5 желтоқсан – волонтерлар күні. Осыған орай облыстық жастар ресурстық орталығында карантин талаптары негізіндемерекелік шара өтті.

Оған орталық директоры Б.Мәстеков, Қызылорда облысының мемлекеттік қызмет істері департаменті басшысы Р.Бисенов, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қызылорда облысы бойынша филиал директоры М.Әйтімов қатысып, «Патриотпын, елімді сүйемін!» деп үнемі айтып, оны іспен дәлелдеп жүрген жандарды құттықтады.

– Елді алаңдатқан күрделі кезеңде волонтерлар қолдан келген көмекті аямады. Соның ішінде орталық жанындағы Болатбек Айтбенбетов жетекшілік ететін «Волонтерлар фронт-офисінің» үлесі салмақты. Олар дәрі-дәрмек таратты, оттегі баллондарын тасыды, қайырымдылық көмек жеткізді. Еңбектеріңіз еселенсін, мерекелеріңізбен! – деді Б.Мәстеков.

Шынында, "Волонтерлар фронт офисінің" еріктілері қай істің болсын қасынан табылады. Жеті бағыт бойынша қызмет ететін еріктілердің бүгінде саны артты.

– Барша еріктілерді мерекесімен құттықтаймын. Бұл күннің еріктілер үшін маңызы зор. Біз де атқарылған жұмыстарды саралап, еріктілердің барлығына алғыс айтып жатырмыз. "Жұмыла көтерген жүк жеңіл" демекші, ауыр күнді еріктілердің көмегімен еңсердік. Жедел түрде дәрі-дәрмек пен азық-түлік жеткізді. Мұның өзі үлкен қайырымды іс. Барша азаматтарды еріктілер қатарына қосылуға, көмек қолын созуға шақырамын, – деді "Волонтерлар фронт офисінің жекешісі Болатбек Айтбенбетов.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Рафхат Бисенов те халыққа жанашыр, болашаққа бейқам қарамайтын жастардың, волонтерлердің көптігін көріп, қуанғанын айтты және алдағы уақытта мемлекеттік қызметшілер арасында да волонтерлікті дамыту жоспарда барын жеткізді.

Салтанатты шарада эмоционалды тренингтер, алғашқы медициналық көмек көрсетуден шеберлік сағаттары және интеллектуалдық ойындар қамтылды. Ең бастысы, волонтерлардың мерейі үстем болды, оларға алғыс хат табысталды. Сонымен қатар қала кәсіпкерлерінің демеушілігімен сый-тартулар берілді. Қорытынды бөлімде «Абзал и К» ТС директоры Мағжан Ералиев, «Біргеміз» республикалық волонтерлер фронт-офисінің менеджері А.Жамашова еріктілер күніне орайластырылған фото-байқаудың жеңімпаз волонтерлерін марапаттап, ақ тілегін білдірді, игі істер қашанда қолдауға лайық екенін айтты.

Мөлдір САБЫРЖАН

ЗЕЙНЕТАҚЫНЫҢ БЕЙНЕТІ

Салымшылар кезекті жылдан бастап зейнетақы жинағының бір бөлігін ала алады. Бастапқыда бұл жаңалықты естіп, қуанғанымыз рас. Кейіннен халықтың басым көпшілігінің қордағы ақшаны алуға мүмкіндігі аз екені анықталды. Сол күннен бастап, бұл мәселе ел арасында кеңінен талқыланып, сын ескертпе де айтылды. Мұның барлығы ел Үкіметінің құлағына жетіп, біршама өзгеріс енгізуге Сенат отырысына жолданды. Нәтиже қандай? Ел экономистері бұл жөнінде не айтады? Саралап көрсек.

Статистикаға сәйкес, елімізде зейнетақы қорының тек 6 пайыздан астам салымшысы ғана осындай мүмкіндікке ие. Яғни 700 мыңнан астам салымшы. Оның бәрі бірдей ақшасын шешетін болса, қордағы қаражат 1,4 триллион теңгеге азаяды екен. Соңғы дерекке сүйенсек, елдегі 10 млн 800 мың азаматтың шотында зейнетақы жинағы бар. Алайда оның 6 млн-ға жуығының жинағы 500 мың теңгеге де жетпейді. Зейнетақы қорындағы жинақтың аз болуы халықтың төмен жалақы алуына тікелей байланысты дейді мамандар. Ал ең төменгі шекті бағаны анықтаудың әдістемесін Үкімет бекітеді. Жеткілікті шек дегеніміз – салымшының қордағы есепшотында қалуы тиіс жинақ ақшасының ең төменгі мөлшері. Ол болашақта салымшыны жинақтаушы зейнетақы жүйесінен төленетін зейнетақымен қамсыздандыру үшін қажет. Қартайғанда көк тиынсыз қалмас үшін есепшотта белгілі бір мөлшерде қаражат қалуы тиіс. Одан қалған бөлігін алуға болады. Заң жобасы бойынша жеткілікті шек әйелдер мен ерлер үшін бірдей белгіленеді, бірақ әрбір жас үшін жеке есептеледі. Бұл ретте ол кіріс, инфляция, ең төменгі төлем мөлшері секілді өзекті көрсеткіштерге қарай жаңа алушылар үшін қайта есептеледі.

Министрліктің есебінше, 20 жастағы азамат үшін «жеткілікті шек» – 1 млн 720 мың теңге. Ал осыдан асқан қаражатын ол жоғарыда аталған мақсатқа пайдалану үшін БЖЗҚ-дағы есепшотынан ала алады. Бұған дейін жинақты тек бір рет қана алуға болады екен деген ақпарат шыққан еді. Енді қордан ақша алу мүмкіндігі шектелмейді. Сондай-ақ азаматтар зейнетақы жинақтарының бір бөлігін өздері үшін ғана емес, жақын туыстары, ата-әжесі, әке-шешесі, балалары үшін тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында немесе емделуге ақы төлеуге, жинақты біріктіруге пайдалана алады.

Ал Сенаттың Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Ольга Перепечинаның айтуынша, бұл мәселе әсіресе пандемиядан өтіп, ел экономикасы баяулаған кезде аса маңызды болып отыр. Депутаттар бұл жаңалық отандық экономикаға, оның ішінде инфляцияға қалай әсер ететінін жан-жақты зерттеуде.

– Азаматтардың зейнетақы жинағының бір бөлігін пайдалану мәселесіндегі сауаттылығын арттыру маңызды. Халық алаяқтардың құрығына түспес үшін біз қазір зейнетақы активін сенімгерлік басқаруға беруді қараймыз. Сондықтан бұл мәселе мұқият пысықталуы керек. Біздің азаматтар өз жинағын кімге беретінін және оның болашақтағы қаупі қандай екенін түсінуі тиіс, – деді депутат Нұрлан Қылышбаев әлеуметтік парақшасында.

ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ НЕ ДЕЙДІ?

Зейнетақы жинағын сақтандыру қорына салуға болады. Сақтандыру қоры қаржыны айналдырып, көбейтеді. Ал салымшыға, яғни инвесторға тапқан табысынан төлем төленеді. Шетелдегі сақтандыру компаниялары осылай жұмыс істейді. Көбінесе шетелдік зейнеткерлер сақтандыру қорынан түскен табысқа саяхаттайды. Бізге де осындай дәрежеге жету үшін уақыт қажет сияқты. Өйткені осы уақытқа дейін көпшілік қорға қаржы аударуға құлықсыз болады. Мекемелерге Үкімет міндеттегенней кейін мәжбүрлі түрде аударылып жатқаны да жасырын емес. Енді қордағы қаржыны басқару тетігі әр салымшыға берілсе, халықтың сауаты артары сөзсіз. Нәтижесінде инвестициялық табыстың әр салымшыға түсуіне жол ашуы мүмкін. Мұның барлығы уақыт еншісінде. Енді әлемдік тәжірибеге көз жүгіртсек.

Малайзияда қажылыққа барғысы келген адамды зейнетақы қоры толығымен қаржыландырады. Яғни кез келген адам Меккеге зейнетақы қорындағы ақшамен бара алады. Мәселен, АҚШ-та жұмыс істейтін зейнеткердің жылдық табысы лимиттен асатын болса, оның лимиттен асқан әр доллары үшін зейнетақысынан 50 цент ұсталады. Әлеуметтік қамсыздандыру бағдарламасына сәйкес, толық зейнеткерлік жасқа жеткен азамат зейнетке шыққай тұрып тапқан ақшасының 44%-ын алады. Ал Ұлыбританияда екі түрлі зейнетақы қарастырылған: негізгі және қосымша. Негізгі зейнетақы тек зейнеткерлік жасқа толған, еңбек етілі 10-11 жылдан кем емес азаматтарға беріледі. Егер салымшы ол State Earnings Related Pension Scheme жүйесіне ақша аударған болса, қосымша зейнетақы алады. Байқағаныңыздай, дамыған елдердің барлығында зейнетақы қорындағы қаржыға зейнетке шыққай, қолдануға рұқсат берілмейді. Тек ғана Сингапур елінде зейнетақы қаржысын жұмсау тәжірибесі бізді қызықтырды. Бұл елде зейнетақы жинағынан тұрғын үй және оқудың ақшасын төлеу үшін қордағы ақша белгілі бір шекке жету қажет. Ал көршілес Беларусь республикасында жинақтау жүйесі жоқ. Ресей, Армения жинақтау жүйесі әртүрлі.

ЖАҢАРҒАН ЕСЕПТІК КӨРСЕТКІШ

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері – 18 524 теңге. Бұл көрсеткіш күнкөрістің ең төменгі деңгейінің 54%-на тең. Ең төменгі зейнетақы – 43 272 теңге. Бұл төлемді ынтымақтастық деп те атайды. Ол базалық зейнетақыға қосылады және 1998 жылға дейін жеткілікті жұмыс етілі бар зейнеткерге төленеді. Ынтымақтастық зейнетақының мөлшері келер жылы 7%-ға артады. Ең төменгі жалақы – 42 500 теңге болып қала береді. Бұл көрсеткіш соңғы рет екі жыл бұрын өзгерген. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша мемлекеттік аударымдардың мөлшері 1,6%-ға дейін ұлғайтылды. 2021 жылдан бастап азаматтар міндетті медициналық сақтандыру қорына жалақының 1%-ын емес, 2%-ын өз қаражаттары есебінен аударады.

ҚОРДАҒЫ ҚАРЖЫНЫ АЛУ ҮШІН

БЖЗҚ-дағы жинақ қаражатының бір бөлігін емделуге пайдаланғысы келетін салымшы облыс, республикалық маңызы бар қаладағы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы арнайы комиссияға өтініш береді. Медициналық көмекке зәру екені туралы комиссия қорытындысын алып, емделетін клиниканы таңдағаннан кейін салымшы уәкілетті операторға зейнетақы есепшотындағы қаражаттың бір бөлігін емделуге пайдалану туралы өтініш тапсырады. Салымшы тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін зейнетақы жинағының бір бөлігін алғысы келсе уәкілетті оператор «Тұрғын үй жинақтаушы банкі» қызметін пайдаланады. Тұрғын үй мәселесі бойынша бір ғана шектеу бар. Яғни қордағы қаржы арқылы алынған үйді 5 жыл ішінде қайта сатуға болмайды. Зейнетақы жинағының бір бөлігін басқаруға бергісі келетін салымшы қандай жеке қаржы компаниясын таңдағаны жайлы БЖЗҚ-ға өтініш береді. Сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі айқындайды. Бір есте ұстайтын жайт, ешбір салымшы қаржыны қолма-қол ала алмайды.

Олжас ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ, экономист

– Зейнетақы жинағын алу бастамасы өте орынды. Себебі бұл жерде тегін ешнәрсе жоқ. Керісінше азаматтарға дамыған елдердегі секілді зейнетақы қорындағы жинағын үй алуға немесе емделуге беру ұсынылды. Әлемде азаматтардың зейнетақы қорындағы ақшаны қажетіне қарай пайдалану қалыпты жағдай. Ерекше атап көрсетерлігі, зейнетақы жинағын пайдалану мүмкіндігі тұрмысы төмен азаматтарға емес, орта тап өкілдеріне беріліп отыр. Бұған дейін үнемі әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға ғана жағдай жасалып, ал жұмыс істеп, салық төлеп отырған орта тап өкілдері назардан тыс қала берді. Ресми мәлімет бойынша, салымшылардың 7%-ы ғана зейнетақы жинағының бір бөлігін ала алатыны белгілі. Халықтың 93%-ы зейнетақы қорындағы жинағы «жеткілікті шек» мөлшеріне жетпейді. Бұл – еліміздегі Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры жүйесіндегі кемшілік. Қордан алынған ақшаның 60-70%-ы ипотеканы өтеуге жұмсалады. Бұл шара алыпсатарлық пен инфляция туғызуы мүмкін емес. Несиенің басым бөлігі мемлекеттік бағдарламалар арқылы үлестірілген. Яғни қаръз кері қайтады. Ақшаның қалған 30-40%-ы тұрғын үй сатып алуға жұмсалуы мүмкін. Бұл шамамен 420-680 млрд теңге. Дәл осы қаражат тұрғын үйге деген сұраныстың қайта артуына ықпал етіп, баспана бағасының шарықтауына әкелуі мүмкін, – деді экономист Олжас Құдайбергенов.

ҚОРДЫҢ ТАУСЫЛУЫ МҮМКІН БЕ?

Жуырда қоғам белсендісі Әлия Садырбаева еліміздің зейнетақы жүйесіндегі дау-дамайды тізіп берді. Ол қордағы қаражат енді бес жылдан соң зейнетақы төлеуге жетпейтінін айтты.

Әлия САДЫРБАЕВА

– Дүниежүзінде зейнетақы қорлары азаматтардың зейнетақы аударымын жинақтау мақсатында құрылады. Іс жүзінде банк пен инвестициялық қорға ұқсас жүйе. Яғни азаматтар аударған ақшасынан азын-аулық пайда көруі тиіс. Ал бізде ол жоқ. Одан бөлек 2015 жылы жекеменшік зейнетақы қоры БЗЖҚ-на біріккен тұста 90 млрд теңге жоғалып кетті. Бұған "қош" дедік. БЖЗҚ қаржысынан 15 млрд теңге ЭКСПО-2017 көрмесіне жұмсалды. 2016 жылы 3 млрд теңге банкрот болған Қазинвестбанкпен бірге көзден бұл-бұл ұшты. 71 млрд теңге Әзербайжанның халықаралық банкінде қалды. "Qazaqбанк" 10 млрд теңгені қайтармады. "Дельта банк" 9 млрд теңге қаръз болды. 7,5 млрд теңге Астана Банкінің мойнында. "Эксимбанкте" – 15,5 млрд теңге кетті. Бұлар БЖЗҚ-ның жабылған банктерінде кеткен депозиттер. Бұдан бөлек БЖЗҚ 2020 жылы шілдеге дейін екінші деңгейлі банктерге 1 триллион 184,6 миллиард теңге қаръз берген. Бұл – банктерге берген 1,5 трлн теңгедей "жай көмекті" есептемегендегі сома. Ал тура сол ақшаны бізге банктер үстінен 20, 30, тіпті 50% қосып кредитке беруде. Квазимемлекеттік сектордағы компаниялар да зейнетақы қорына 1,9 млрд қаръз "Казагро" БЖЗҚ-на 648 млрд теңге берешек. Осылайша қордағы қаржы есепсіз алына берсе, бес жылда зейнетақы қорындағы жинақ азаматтардың зейнетақысын төлеуге жетпей қалуы мүмкін, – дейді Әлия Садырбаева.

Байқағанымыздай, қордағы жиналған қаражат түрлі мақсатта қарызға пайдалануға берілген. Миллиардтаған қаржыға түсетін инвестициялық кірістің әр салымшыға есептелінбейтіні де қызық болып тұр. Бұдан бөлек қордан зейнетақы жинағымызды алған жағдайда бізден 10% жеке табыс салығы ретінде ұстап қалады. Мысалы, қордан 2 млн қаражат алсаңыз, 200 мың теңге табыс салығы ұсталып, қолыңызға 1 млн 8 мың теңге аласыз. Бұл мәселе қоғамда келіспеушілік тудырып, сенаторлар табыс салығын кейін төлеуге мүмкіндік беретін кодекске түзету енгізу жайлы құжатты қабылдады. Оған сәйкес зейнетақы жинағының бір бөлігін алған адамға салықты бірден төлеуге емес, зейнетке шыққаннан кейін бірнеше жыл ішінде біртіндеп төлеуге рұқсат берілді. Осы тұста көпшілікті мазалайтын бір сұрақ бар. Зейнетақы қорына әр азамат тапқан табысы есебінен төлем жасайды. Жылдап жинаған қордағы қаржы үшін неге табыс салығы салынатыны түсініксіз. Себебі Үкімет қордағы қаржыны екінші деңгейлі банктерге беріп, қаржыны көбейтіп жатқаны белгілі. Ал қордағы қаржының таусылуы мүмкін бе деген сауалға экономист сарапшы Мақсат Халық былай деп жауап берді:

Мақсат ХАЛЫҚ, экономист сарапшы

– Қазіргі таңда зейнетақы қорындағы қаражатты азаматтардың өзіне басқаруға беру мәселесі талқылануда. Президент нақты тапсырма да берді. Әзірге 721 мың адам қордағы қаражатын ала алады. Бұл ел үшін тиімді ұсыныс дер едім. Бірақ бұл жерде тек тұрғын үй жағдайын жақсартуға ғана басымдық берілген. Сол себепті қаржыны алу мүмкіндігінің ауқымын кеңейту қажет сынды. Мысалы, емделуге де қор қаражатын пайдалануға болады делінген. Осы бағытты толықтырып, нақты қандай диагнозбен ауыратындар бұл қаржыны пайдаланатынына тоқталу қажет. Сонымен қатар ұлттық болашағы – білімде. Сол себепті білім саласын да тысқары қалдырмау керек. Білімге инвестиция құю да маңызды. Шетелде немесе республикамыздың беделді оқу орнында оқығысы келетін жастарға да мүмкіндік берілсе екен. Сондай-ақ ата-аналардың қордағы қаржысы шекті бағадан асса, үй-жайы барлар үшін баласының оқуын төлеуге мүмкіндік берілсе деген ұсынысым бар. Зейнетақы жинағын әрбір азаматтың өзі басқарған жөн деп санаймын. Себебі, табысымыздың 10 пайызын аударамыз. Оның зейнетін тек ғана зейнетке шыққан соң немесе өзге мемлекетке қоныс аударған жағдайда алуға болады. Жастайыңыздан жинаған қаржы инфляцияға ұшырып, құнын жоюы мүмкін. Егер де әр азамат қордағы қаржысын басқарып, бақыласа, нәтижесінде зейнетақы қорындағы басты проблема зейнетақы активтерінің инвестициялық кірісінің ұлғаюына септігін тигізер еді. Өйткені инвестициялық кіристілік осы уақытқа дейін төмен болды. Тағы да айта кететін мәселе, зейнетақылық аннуитет деген бар. Егер тиісті қаражат жиналса, ерлер 55 жаста, әйелдер 51 жаста ерте зейнетке шығуына болады. Ол қаражаттың көлемі қазір 10 млн теңгенің үстінде. Осы шекті бағаны 6 немесе 7 млн-ға түсірсе, еңбек еткен ел азаматтарына жақсы болар еді. Ал қордағы қаржы 5 жылда бітеді дегенге сенбеймін. Себебі, зейнетақы қоры салымшылары жылдан-жылға артуда. Одан бөлек, қордағы қаржыны әрбір азамат бақылауында ұстаса, шекті қаржы жинағандар қаржыға қол жеткізсе, қорға қаржы аударуға ынталы азаматтар көбейеді, – дейді экономист сарапшы Мақсат Халық.

P.S. ***Елдегі зейнетақы жүйесінде күрмеуі шешілмеген мәселе өте көп. Тұрғындар арасында жинақтарын бақыламақ түгілі қызығушылық танытпайтындары да жетерлік. Оған себеп те бар. Өйткені осы уақытқа дейін зейнетақы алып, арқаны кеңге салып, бейнеттің зейнетін көргендер саны аз. Тіпті зейнетақы өседі дегеннен халық үркіп қалған. Өйткені қоғамда зейнетақы өссе, азық-түлік қымбаттайды деген түсінік қалыптасқан. Бұл түсініктің шындыққа жанасатынын іштей сезгенімізбен, қолдан келер шара болмай тұрғаны.***

Айгүл ӘЛІШЕРОВА

КОРОНАВИРУСТЫҢ ЭКОЖҮЙЕГЕ ӘСЕРІ

Қауіпті инфекция медицина, экономика саласымен қатар экологияға да едәуір ықпал етуде. Зерттеушілер вирусқа қарсы вакцина ойлап табуды қолға алса, экологтар пластикпен күресудің амалын қарастыруда. Себебі пандемия уақытында пайдаланылатын қорғаныс құралдарының құрамына көп мөлшерде пластик қосылады. Қоршаған ортаға зиянды заттың 500 жыл бойы жойылмайтынын дәлелдеген мамандар осы мәселені көтеріп, дабыл қағуда. Жуырда пластик қалдықтары тек мұхит түбінен ғана емес, әлемнің ең биік тауы Эверест шыңынан да табылған. Бір таңқаларлығы, карантиндік шаралар біздің елдегі экологиялық жағдайды біршама жақсартыпты...

Әлем экологтары осылай дабыл қаққанмен, экологиялық апат дегенде ойымызға аса бір қорқыныштың келмейтіні рас. Көпшілік мәселенің зардабын бүгін көрмеген соң, алдағы мың жылдыққа аландай қоймайтыны да белгілі. Сондықтан болар, пластикті басқа қоқыстардан бөліп алып, жеке тастау қажет деген мамандар кеңесі көп жағдайда елеусіз қалады. Осы ретте коронавирустың алғашқы толқынында бетпердеден таршылық көрген халыққа көпреттік бетпердені қолдану керек деп айтудың өзі орынсыз көрінеді. Бірақ көшеде ретсіз шашылып жататын бетперденің де қоршаған ортаға зияны көп дейді зерттеушілер.

Статистикаға сүйенсек, пандемия уақытында өндірілген пластик заттардың 75 пайызы толық жойылмай, қоқысқа жинала береді. Дүниежүзі бойынша миллиардтаған тұрғынның тұтынған пластик қалдықтары, желмен ұшқан антисептик құтылары, бетперде мен бірреттік қолғаптардың мұхит түбіне шөккенін ойша елестетудің өзі әлемдік экожүйенің қалай ластанып жатқанына дәлел бола алады. Бұл мәселе жануарлар мен құстардың да қырылуына басты себеп. Пластик қалдықтарын азық деп жеген олар пайдасынан зияны көп заттың құрбаны болуда.

БҰҰ бас хатшысы Антониу Гуттериштің айтуынша, қазір адамзат табиғатпен соғыс жүргізін жатыр.– Алайда қоршаған орта біздің әрекетімізге жауап қайтарады. Көз алдымызда экожүйелер жойылып кетіп жатыр. Жыл сайын орман алқаптары 10 млн гектарға қысқарып келеді. Ауа мен судың ластануынан бір жылда 9 млн адам көз жұмады. Бұл – қазіргі пандемия құрбандарымен салыстырғанда әлдеқайда жоғары сандар. Мұхиттарда пластик қалдықтар көбейіп кеткен, – дейді ол.

Мәселенің мән-жайы, табиғатқа зардабы анық дәлелденсе де, бұл жағдайға байланысты арнайы заң жоқ. Алайда бірқатар мемлекетте масканы дұрыс пайдалану бойынша нақты нормативтер бекітілген. Мәселен, Үндістан тұрғындары қолданған бетпердесін кесіп, қағаз пакетке салуға міндетті. Жүйелі тәртіп бойынша, арада 3 тәуліктен соң ғана бетпердені қоқысқа шығаруға рұқсат. Біріккен Араб Әмірліктерінде де осындай ереже қарастырылған, масканы пакетке салғаннан кейін ғана қоқыс контейнеріне тастау керек, болмаса тұрғындар айыппұл төлеуге міндеттеледі. Оңтүстік Корея да бұл жағдайды назардан тыс қалдырмаған. Экологиямен қатар оқушылардың қауіпсіздігіне аландаған олар балалар үшін коронавирусқа қарсы жинақ әзірлеген. Жинақта залалсыздандырғыш майлықтар, санитайзерлер мен қапшықтар топтастырылған. Оқушы аталған заттарды қолданғаннан кейін майлықтар мен маскаларын сол қапшыққа салып барып қана қоқысқа тастайды.

Жоғарыда қорғаныс құралдары үшін пластиктің жиі қолданылатынын жаздық. Соңғы уақытта карантиндік шектеу әсерінен үйде отырған тұрғындар тапсырыспен тамақ алдыру қызметін қолдануды дұрыс санайды. Мұндай шағын бизнес түрі жақсы десек те, тағамның басым бөлігі пластик ыдыста жеткізіліп, қоқыстың қатарын күн санап көбейтуде. Сол үшін аспан асты елі пластик буйымдарын қолданбауға шешім шығарды. Сөзімізге Хайнань провинциясында пластиктен жасалған бірреттік пакеттер мен ыдыстың өндірісіне, сатылымы мен қолданысына тыйым салынуы дәлел. Пластикті экологиялық қауіпсіз пакет және ыдыстармен алмастырған Хайнаньда осы мақсат үшін 7 бірдей кәсіпорын жұмыс істейді. Осылайша аймақтың экологиялық болашағына бүгіннен бастап аландаған билік өкілдері пакет пен ыдыстан бөлек басқа заттарды да экоөнімдермен алмастыруды көздеуде.

Ал украиндықтар ойлап тапқан экоавтомат тек пластмасса құтыларды қабылдайды. Алайда қоршаған ортаны қорғап қана қоймай, көшедегі қаңғыбас ит пен мысықты тамақтандыру функциясын да қоса атқарады. Автомат әр өткізілген бос пластмасса құты үшін жануарларға арнап ыдысқа тамақ салып береді. Мұның өзі бүгінгі буынға ой саларлық бастама дейді мамандар.

Енді елдегі жағдайға оралсақ. Әзірге пластик буйымдарды қолдануға шектеу қойылмағанмен, карантиндік шектеулер экологияға оң әсерін берген. Тұрғындардың жүрісі азайып, көшедегі көліктер сиреген тұста атмосфераның біршама тазарғаны байқалған. Сондай-ақ кейінгі уақытта құқықбұзушылық статистикасы да едәуір төмендеген. Айталық биыл қаңтар-қазан айларында елімізде 626 экологиялық қылмыстық құқықбұзушылық тіркелген. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 2 есе аз. Себебі былтыр осы уақыт аралығында экологияға қатысты 1,3 мың құқықбұзушылық орын алған. finprom.kz-тің хабарлауынша аймақтар бойынша экологиялық құқықбұзушылықтың басым бөлігі, яғни 101 жағдай Атырау облысында тіркелген. Сондай-ақ Батыс Қазақстан (74 жағдай) және Маңғыстау облысы (64 жағдай) алдыңғы үштікке енген. Ал Алматы (3 жағдай), Нұр-Сұлтан (7 жағдай) және Шымкент (8 жағдай) ең аз құқықбұзушылық тіркелген қалалар қатарында.

EKO-AQPARAT

СУ ҚОЙМАСЫ САЛЫНАДЫ

Қала әкімдігіне қарасты Қараөзек ауылына су қоймасы салынады. Бұл туралы ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Facebook парақшасында «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалының директоры Хамит Биімбетов мәлімдеді.

Филиал басшысы Қараөзекте салынатын су қоймасымен қатар Қызылорда су торабындағы жөндеу жұмыстарына тоқталды.

– Қараөзек ауылында тағы бір жаңа су қоймасы салынады. Жобалық сметалық құжат биыл сараптамаға беріледі. Келер жылы қаржы мәселесі шешілуі тиіс.

Ал Қызылорда су торабын жөндеуге 2020 жылға 481 млн теңге, 2021 жылға 1 млрд 420 мың теңге, 2022 жылға 709 млн теңге қарастырылған. Сол жақ магистраль каналында бетон жұмыстары жүргізілуде. 2022 жылы барлық жұмыс бітуі тиіс. Аталған су торабы 1956 жылы пайдалануға берілген және осы уақытқа дейін кешенді жөндеу жүргізілмеген. Бұдан бөлек Әйтек, Жиделі су қоймалары жөнделуде. Олардың жұмысы 2020 жылдың соңына дейін аяқталады, – дейді ол.

Сондай-ақ филиал директоры вегетациялық кезеңнің аяқталуы жайлы да сөз қозғады.

– Биыл вегетациялық кезең басында Көксарай контррегуляторына 3 млрд-тың орнына 2 млрд текше метр су жиналып, 1 млрд текше метр жетпей дикқандар аздап қиналды. Бірақ әкімдік күріш егу мекемелерімен бірге 300 км ішкі каналдарды тазалады. Біз 61 км магистральді каналдарды тазаладық. 90 мың гектар күріш егілсе, соның бәріне кезекпен бекітілген кесте бойынша су жеткізе алдық», – дейді Х.Биімбетов.

«КИІК» АКЦИЯСЫ

Ел арасындағы браконьерлікпен алдын алуға, фауна түрлерін сатуға және өткізуге маманданған қылмыстық топтардың қызметін анықтап, олармен күрес жүргізу мақсатында «Киік» табиғатты қорғау акциясы басталды.

Ауқымы кең жоба Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облысы аумағында жүргізіледі. Акцияға «Охотзоопром ӨБ» кәсіпорнының Жануарлар дүниесін қорғау қызметінен 224 инспектор, 68 жол талғамайтын көлік, 23 қарда жүргіш техникасы, 2 бірлік «Берлога» вагоншалары (ОӨФ, БӨФ) жұмылдырылады. Сондай-ақ «Охотзоопром ӨБ» бастамасымен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен Жануарлар дүниесін есептеу және мониторинг бөлімдерінен инспекторларды тарту жоспарлануда.

Былтыр киіктерді заңсыз атудың 47 браконьерлік фактісі анықталып, 641 ұша мен 284 киіктің мүйізі тәркіленген. Нәтижесінде табиғат ресурстарына келтірілген шығын 3,3 млрд теңгені құраған. Осындай мәселенің алдын алуды көздейтін акция 31 желтоқсанға дейін жалғасады.

85,2 МЛН ШАБАҚ ҚҰТҚАРЫЛДЫ

Ихтиологтардың айтуынша, қазір елімізде балықтың 100-ден астам түрі бар. Олардың 70-і өнеркәсіптік құндылыққа ие, 18 түрі Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген.

Жыл сайын судағы тіршілік иелерінің қырылу қаупін болдырмас үшін кешенді жұмыстар жүргізіледі. Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің мәліметінше, биылғы жылдың басынан бастап су қоймаларынан, сондай-ақ еліміздің күріш алқаптарынан қырылу қаупі бар 85,2 млн шабақ құтқарылған.

Ауқымды әрі жауапкершілігі жоғары жұмысқа балық шаруашылығы, күріш өсіретін ұйымдардың өкілдері және еріктілер қатысқан. Нәтижесінде Атырау облысында 56,7 млн балық, Түркістан облысында – 10,3 млн, Қызылорда облысында – 8,3 млн, басқа өңірлерде – 9,9 млн шабақ құтқарылған. Балық ресурсын сақтау бойынша іс-шараларды өткізуге 851 адам және 153 техника жұмылдырылған. Құтқарылған балықтың ішінде сазан, ақмарқа, мөңке, қарға, құмай, осман, көксерке, алабұға, шортан, тұқы, табан, торта, оңғақ бар.

ÁLEMDE

ЭВЕРЕСТ «ӨСІП» КЕЛЕДІ

Эверестің биіктігі енді ресми түрде 8848,86 метрді құрайды. Әлемнің ең биік шыңы тағы 86 сантиметрге «өсті». Қытай мен Непал ғалымдары жүргізген зерттеулер жайлы «Синьхуа» агенттігі хабарлады.

Тау Непал мен Қытайдың Тибет автономиялық ауданының шекарасында орналасқан. Сол үшін екі ел билігі бірлескен зерттеу жүргізу туралы шешім қабылдаған. Былтыр мамыр айында шыңға бірінші болып непалдық геодезистер шыққан. Алынған деректерді біріктіре отырып, ғалымдар біртұтас тұжырымға келген.

EKO-SAQSHY

ШЫРША САТУҒА ШЕКТЕУ ҚОЙЫЛДЫ

Облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «2020 жылдың жаңа жыл алдындағы кезеңінде қылқан жапырақты ағаш тұқымдыларының жас талдарын қорғауды күшейту туралы» 2020 жылғы 30 қарашадағы бұйрығына сәйкес биыл 1-30 желтоқсан аралығында бөлшек саудада жаңа жылдық шыршалар сатылуына (құрама шыршалар мен контейнерлердегі тірі шыршалардан басқа) бақылау жасалады.

Бұйрықта мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізу үшін жаңа жылдық шыршаларды босату Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің рұқсаты мен облыс әкімдігінің тапсырысы арқылы ғана жүргізілетіні айтылған. Сондай-ақ тұрғындар үшін тек қана құрама шыршалар мен контейнерлердегі тірі шыршалар сатылады.

Мемлекеттік орман қоры алқаптарында қылқан жапырақты ағаш тұқымдарының (шырша) түрлері өспегенмен облыс аумағында оларды заңсыз иемдену, өткізу, алып өту, әкелу, сақтау деректерінің орын алуы әбден мүмкін.

Жабайы жануарлар мен өсімдіктердің түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын заңсыз иемдену, өткізу, алып өту, әкелу, әкету, сақтау әрекетін жасаған тұлғаларға ҚР қолданыстағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 389-бабына сәйкес жабайы жануарлар мен өсімдіктердің түрлері және олардың өнімдері тәркіленіп, айыппұл түріндегі жаза қолданылады.

Р. БУРАБАЕВ,
Облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы РММ-нің Орман және ЕҚТА бөлімінің басшысы

Бетті дайындаған Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ

MÁSELE

Қазір ғаламторда бәрі ашық көрсетіледі. Оның үстіне оқушылар қашықтан оқып жатыр. Бала таңертеңнен кешке дейін ноутбуктың бетіне үңілуде. Олар не істеп жүр? Қандай сайтқа кіріп, кімдермен сөйлеседі? Сіз соны бақылайсыз ба? Кейін опық жеп, сан соғып қалмас үшін балаға көңіл бөлген маңызды. Әйтпесе сіз кішкентай деп санайтын қызыңыз ересек азаматтардың айтқанын орындап жүрмесіне кім кепіл? Себебі интернет арқылы зәбір көрген балалар саны күн санап артып келеді. Баланы қараусыз қалдырып, қолына смартфон ұстатқан ата-анадан өзге кінәні кімнен іздейсіз? “Қызға қырық үйден тыйым” деген тіркестің бұрыңғы кезде ауқымы кең еді. Қазақ үшін жеңгенің рөлі анамен бірдей еді. Ал қазіргі жеңгелердің күйі қандай? Айтпай ма, әлде тыңдамай ма? Жеңгенің неге қауқары жоқ? Қарындасын ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстайтын бауырдың күші қайда? Неге бала тәрбиесіне көңіл бөлмейді, неге қарындасына дегенін істететін айуандардың жазасын бермейді?

ИНТЕРНЕТ: ЗӘБІР КӨРГЕН БАЛАЛАР

Ішкі істер министрлігі мамандарының айтуынша, бұл жағдайға мектептердің онлайнға көшуі де себеп болып отыр. Яғни қылмыскерлер әлеуметтік желілер арқылы балаларға психологиялық қысым көрсетіп, тіпті суицидке дейін итермелейді екен.

Биылдың өзінде Арыс, Ақтау және Қызылорда қалаларының тұрғындары әлеуметтік желі арқылы балаларға қысым көрсеткен. Оның бірі 13 жастағы қызды алдап-сулап жалаңаштанған денесін суретке түсіріп жіберуге мәжбүрлесе, 15 жастағы оқушы желіге анайы видеолор таратқан. Алайда кәмелеттік жасқа толмағандықтан, іс аяқсыз қалды.

Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, интернеттегі қылмыскерлердің көбі шетелдіктер екен. Сондықтан өзге елдің тәртіп сақшыларымен бірлесе жұмыс істейді. Бірақ полицейлер заңсыздықпен іс біткеннен кейін емес, алдын ала күрескен дұрыс екенін айтады. Осы себепті ата-аналарға қырағылық танытып, балаларын бақылауда ұстауды сұрайды.

ОТБАСЫ – ШАҒЫН МЕМЛЕКЕТ

– ...Ажырасуға арыз бердім!

– Сол істі мен де ертерек тындырғым келген. Соттың күні анықталмады ма?

– Әзірше уақыт берді. Ақылдасып көріңдер деді.

– Оның не ақылдасатыны бар екен?.. Бос әңгіме, уақытымыз кетіп жатыр...

Біздің қоғамда кеше үйленіп, бүгін осылай дейтіндер көп. Кейде «үйлену қиын, ажырасу оңай ма?» деген сауалдар еріксіз ойға оралады. Бұған үлкендер жастарды кінәласа, жастар заманды кінәлайды. Әрине себеп көп, бірақ жауапкершілік жоқтың қасы. Бұл істің басын ашпас бұрын, өткенге шегінейік.

Бүгін сотқа ажырасу туралы арыз берген ерлі-зайыптылыр кеше қол ұстасып бірге арман қуған бойжеткен мен бозбала болған еді. Егер екеуі де жүйелі ойлап, ертеңін болжай білгенде... Заманымыздың көші ілгерілеп, ата жұртымыз қалдырған атастыру, не қымбатырақ қалың малға өткізу салты ұмытылды. Бүгінгі күн қаракөздері қарайлас дос-жаран, жұп іздей бастады. Өзімен деңгейлес таныс тауып, білімге, дүние танымға және бай жігіттермен араласқанды жөн көреді. Жасыратыны жоқ, қай қыз бала болсын өзін биік бағалайды. Қалталы, астында темір тұлпары бар жігітке жолықсам дейді. Бірақ бәлкім өзі университет қабырғасын ата-анасының жиған-тергенімен оқып, бос уақытында мейрамханаларда қызмет көрсетіп, азын-аулақ ақша табатыны тағы бар. Көркіне сенген жас қыз өмірдің құны, бақыттың баяны жақсы тұру, сәнді киіну деп түсінеді. Кейін оларға адамгершілік пен сыйластық, түсіністік пен сабырлықтың керегі де болмай кетеді. Расымен, сіз де, ол да, басқа да дәл солай саралайды.

Бір сәтке елестетіп көріңіз. Сіз көрікті, ақылдысыз. Алайда қарапайым отбасында тәрбиеленіп, кейде аз-кем таршылық көретін уақыттар да боп тұрады. Осыдан бір ай бұрын сіз университетте бірге оқитын бейтаныс жігітпен таныстыңыз. Сөйлесіп, әңгімелеріңіз де жарасып кетті. Хат жазысып, хабарласып тұрасыз. Арада уақыт өткен соң жігіт сөз айтып, ойын білдіреді. Кенеттен көшеде «Range Rover» мінген жас, сымбатты жігіттің де көңілі сізге ауады. Ол да бір күні ойлы қадамға өтуді сұрайды. Сондағы жауап қандай болмақ?

...Әрине, барлығымыз да пендешілікке салынып, сол машинасы бар жігітті таңдап, қиялдың жетегінде кетеміз. Кіріспесі жақсы басталған кітаптың соңы да бақытты аяқталуы шарт емес. Жауапты қадамға аяқ басқан соң, арты немен аяқталарын тағы білмейміз. Сіз аңсаған биіктен бәлкім ол, бір сөздің, не сізге ерсі көрінген бір істің кесірінен аласарып қалуы да мүмкін. Немесе керісінше! Сапалы университеттің бірінде студентсіз. Қызыл «Porshe» мініп, сәнді киінесіз. Сол кезде сізге қарапайым ақын жігіт ғашық болды делік. Тіпті сіздің де оған көңіліңіз бар. Алайда сіздер бірге бола алмайсыздар. Дос-жаран, құрбы-құрдас, туған-туыстардың сөзіне қалып, «барған жері осы екен-ау» дегеннен сақтанасыз. Сондықтан да қыздың бақыты сәтті тұрмысқа шығу емес, теңіне шығу. Әлемдегі әр адам өмірінің құны ақшада, дәулетте деп білсе, азғындықтың нақ көкесі сол болар еді. Яғни бұл әңгіме ата-бабамыздың «тең теңімен» дегеніне саяды. Қыздар болашақта жақсы жар табам десе, бұл сөзден аттап кетпеуі қажет.

Жігітті толық тани алмау – ажырасудың басты себептерінің бірі. Екі жас бірін бірі толық тануы тиіс. Егер жігіт пен қыз алдымен жақсы араласып, дос болса, онда олардан тамаша жұп шығары сөзсіз. Расымен де, қасымыздағы адамды біз сөйлесуі, көзқарасы, бір мәселе жайында ойы арқылы тани аламыз. Мінез-құлқын да меңгеріп, тіпті кейін оған жат көрінетін істен сіз де аулақ жүретін боласыз. Екі жақ бір-бірімен етене араласып, жақындасқан соң адамда жұптасу, бірігу процесі басталады. Психологтардың зерттеуінше, әр адамда «эго» яғни өзімшілдік басым. Әркім өзінше бақытты болсам, жетістікке жетсем, биіктен көрінсем деп, бар нәрсені өзіне тартқысы келеді. Демек, біз магнит секілдіміз. Ал егер, адам біреуге ғашық болып, ағзасында махаббат процесі жүрсетін болса, біздегі эго индивидке айналады екен. Яғни индивид – адам тегінің нақты өкілі, жеке адам. Осыған сәйкес индивидуалдық деген де ұғым бар. Бұл адамның табиғаттан тыс адами қасиеті, яғни оның әлеуметтік өмірінің мәнді жақтарын сипаттайтын сапасы. Осы сапа арқылы адам мінезінде мейірімділік, адалдық, сүйіспеншілік секілді қасиеттер туады. Бұл қасиеттерді туғызатын C11H8N аталатын махаббат формуласы. Міне, біздегі бар өзгеріс осы формуладан болмақ.

Отбасын құру – мемлекет құрумен тең. Бір рудан бүтін ел құру үшін, жұбайы мен ерінің бір-біріне қарым-қатынасы адал боп, іргетасы берік қалануы тиіс. Тұрмысқа шығу – өз еліңді жат жұртқа танытып, түскен үйіңнің отымен кіріп, күлімен шығу деген сөз. Сол қадамды аттамас бұрын, әр адам шешімінің дұрыс екеніне көз жеткізіп, ой елегінен өткізуі тиіс. Ақылмен шешуі міндет. Некеге тұрып, сөз байласқан соң, екі жаққа да сабырлық пен сана жетіспей жатады. Қыз да, жігіт те кіммен өмір сүргелі жатқанын, өмірдегі қиындықты кіммен бөлісетінін түйсініп, қате жіберетін кездері көп. Ең бастысы – парасатты ойлау. Міне, осы ұстанымдарды ойына тоқыған жан, өзіне адал жан, балаларына қамқор әке, отбасының тірегін сөзсіз табады.

P.S. ***Ал сіз кімді таңдайсыз? Сүйген адамға тұрмысқа шығуға дайынсыз ба?***

Н.АЙДАРХАН

Ата-аналарға кеңес

1. Балаң өзіңнің көшірмең болады деп күтпе. Оған қоса, сенің қалауыңдағыдай болады деп күтпе. Тәрбие бала үшін СЕН болуға емес, өзіндік ЕРЕКШЕ болуға көмектесуі тиіс.
2. Барлық жасаған іс-әрекеттер үшін балаңнан құн сұрама: сен оған өмір сыйладың, ол қалайша саған алғысын жеткізе алады? Ол басқа адамға өмір сыйлайды, бұл – алғыстың қайтарымсыз заңы.
3. Тәрбиелеу процесінде өшіңді балаңнан алма, өйткені не ексең, соны орасың.
4. Баланың проблемаларын түкке тұрмайтын деп асқақтап қарама: өмір ауыртпалығы әр адамға күшіне байланысты беріледі, сондықтан да, баланың жүгі сенікімен бірдей болады. Мүмкін сенікінен ауырлау да шығар. Өйткені баланың әлі дағдысы қалыптаспаған.
5. Тәрбие беруде баланы мұқатып кемсітпе.
6. Өз балаңа бір нәрсені жасай алмасаң, ол үшін өзіңді қорлама. Бірақ жасау қолыңнан келіп, жасамасаң – қорла.
7. Бала үшін барлық жағдай жасау – тәрбие берудің ең маңызды заңдылығы. Осыны ұмытпа!
8. Біреудің баласын сүйе біл. Басқа біреудің баласына өз балаңа жасамайтынды жасама.
9. Балаң дарынсыз, қырсық, ересек болса да, оны сүйе біл; балаңмен қарым-қатынаста қуануға ұмытпа, өйткені балаңның жанында болу – бұл сенімен өмір бойы бола бермейтін мереке уақыты.

ORTAQ MÚDDE

ӘКЕЛЕР КЕҢЕСІ

Отбасында әке рөлі маңызды. “Әке – асқар тау” деп босқа айтпағаны да белгілі. Шаңырақта әке не айтты, нені істеді, оған қарсылық болмайды. Яки әкенің айтқаны орындалады, істеген ісі талқыға салынбайды. Жары да балаларының алдында әкенің абыройына нұқсан келтірмей, әке тәрбиесін бойына сіңдіруге үлес қосуы шарт. Бүгінгідей “әке орнына әке боламын” деген түсініктен арылу керек. Себебі әкенің бір ауыз сөзі жерде қалмауы шарт. “Бүгінде әкенің отбасындағы рөлі қандай? “Бала үшін әке сөзі қаншалықты маңызды?” осы және өзгеде сұрақтар облыстық жастар ресурстық орталығында кеңінен талқыланды. Маңызды басқосуда отбасы институтын және әкелердің отбасылық тәрбие берудегі рөлін нығайту мәселесі талқыланды.

Жиынға құрылысшы, көпбалалы әке, тоғызқұмалақтан 3 дүркін әлем чемпионы, ҚР Еңбек сіңірген спорт шебері, Хакімжан Елеусіновты тәрбиелеген әке Мектепхан Елеусінов, ҚМДБ-ның Сыр өңірі бойынша бас имамы Болатбек Әбуов, көпбалалы әке, журналист, «Сыр медиа» ЖШС бас директорының орынбасары Дәурен Сейітжанұлы мен «Қамқорлық» дағдарыс орталығының басшысы Жандос Тұсмағамбетов қатысты.

Отырыста Мектепхан Елеусінов баласының биікті бағындыруында әкенің қолдауы керек екенін баса айтты. Бас имам Болатбек Әбуов «тәрбие» сөзі араб тілінен аударғанда, «көктету, өсіру, жетілдіру» деген ұғымды береді, яғни, сәбидің болашағы осы алған тәрбиесіне тікелей қатысты болатынын, сондықтан бұл мәселеге асқан жауапкершілікпен қарау қажеттігіне тоқталды. Сонымен қатар «Сыр медиа» ЖШС бас директорының орынбасары, 6 баланың әкесі Дәурен Омаров бала ес білгеннен бастап, оның құлағына «сен ертеңгі шаңырақ иесісің, болашақ әкесің, арқа сүйер азаматсың, сондықтан да жаманнан жирен, жақсыдан үйрен» деген сөздерді құйып отыру маңызды екенін еске салды. Ал, Жандос Тұсмағамбетов үлгілі отбасы болып қалыптасу үшін тәрбиенің орны жоғары екенін және отбасындағы барлық мәселенің алдын алуда түсіністік керек екенін айтты.

Шарада «Әкелер кеңесінің» төрағасы Ғани Байұлов қорытынды сөз сөйлеп, кеңестің мән-маңызын, мақсат-міндетін тарқатты.

«Әкесіз ұл – шатырсыз үй. Сондықтан әке мәртебесін көтеру, бала тәрбиесіндегі әкенің рөлін күшейту мәселесі күн тәртібінен түспейді. Жастар осындай тағылымды шаралардан ой түйіп, айтары бар, қоғамда өзіндік орнын қалыптастырған азаматтардың тәліміне сусындауы тиіс», – деді төраға.

ҮЙ САЛЫП БЕРДІ

Қазалы ауданындағы Қ.Пірімов ауылының азаматтары мұқтаж отбасыға үй салып берді.

Ауылдастардың бірігіп, ауқымды құрылысқа кірісуінің негізгі себебі – II топ мүгедегі Орысбай Науханбаевтың ауласын жыл сайын су басып қалады. Көктемде қатты жауған жаңбыр суы үй ішіне де жайылады. Сондықтан ауыл азаматтары «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып», жаңа үйдің кірпішін қалауды ұйғарған.

– Бастапқыда бірқатар азаматтан ғана қаржы жинаймыз деп келісілген еді. Алайда әлеуметтік желіге салған видеодан кейін, еліміздің түпкір-түпкіріндегі ауыл перзенттері хабарласып, көмектесетінін жеткізді. Небәрі 3 күннің ішінде 1,6 млн теңге ақша жиналды. Осылайша қайырымдылық іске ауылдың үлкен-кішісі, сырттағы ағайындар да бір кісідей атсалысты. Үйдің құрылысын салуға бір тиын да ақша жұмсамадық. Үйдің іргетасын құюдан бастап, кірпішін қалау, шатырын жабу, сыртын сылап-әрлеу жұмыстарына дейін ауылдың жігіттері атқарды. Көмектесеміз деп келген азаматтардың қатары өте көп болды. Тіпті бір күнде 100 адамға дейін келген уақыт та болды. Сондықтан бұл іске атсалысқан барша азаматтарға ауыл тұрғындарының атынан алғыс айтамын, – деді ауыл тұрғыны Сәбит Ықыласов.

Ауыл азаматтарының арқасында Орысбай Науханбаевтың отбасы жылы да жайлы, заманауи құрылыс материалдарымен салынған үйде тұрып жатыр. Жақында ғана жаңа үйге көшкен отбасының ауыл азаматтарына айтар алғысы шексіз.

– Мен туғаннан 2 топ мүгедегімін. Әйелім де мүмкіндігі шектеулі жан. Сондықтан өзіміздің үй салуға шамамыз келмейді. Жыл сайын ауламызды су басып, үйіміздің қабырғалары бұзылды. «Әрі қарай не болар екен?» деп ойланып жүргенде, бір күні үйдің іргетасы құйылды, кірпіш келді, содан соң ағаш келді. Осылайша жақында жаңа үйге қоныс аудардық, – дейді Қ.Пірімов ауылының тұрғыны Орысбай Науханбаев.

Мұнан бөлек, ауыл азаматтары тағы бір отбасына көмек қолын созуда. Атап айтар болсақ, мүмкіндігі шектеулі Бектілеу Ізтілеуовтың үйіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуде. Қайырымды жандар үйдің еденін, терезесін және шатырын толық ауыстырып, ішкі-сыртқы сылақтарын түсіріп, қайтадан сылауда.

Халқымызда «оң қолың бергенді сол қолың көрмесін» деген сөз бар. Десек те қиындыққа тап болған отбасыларға жақсылық жасап, жанашырлық танытқан Қ.Пірімов ауылы азаматтарының қайырымдылық ісі көпке үлгі.

ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕР

Облыстық «Рухани жаңғыру» орталығы мен «Өрлеу» педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру орталығы бірлесіп, өнегесі мол қызықты жоба ұйымдастырды.

Бұл – «Сыр қойнауы» бағдарламасы аясында «Біздің отбасының құнды жәдігерлері» атты жас зерттеушілердің облыстық сайысы өскелең ұрпақ үшін тамаша тәрбиелік іс-шара болды. Айталық, атадан балаға мирас болып келе жатқан отбасы құндылықтарын дәріптеу арқылы жас ізденушілер тамыры терең рухани мұраларды танып-білуге, құрметтеуге қалыптасады.

Айталық, келі-келсап, диірмен, қазан-ошақ, ұршық, ер-тоқым, қамшы, тұскиіз, текемет сияқты тұрмыстық бұйымдар, бұдан бөлек, ұлттық әшекей бұйымдары туралы оқушылардың зерттеу жұмыстары – атадан балаға мұра болған құндылығымызды қадірлеудің айқын бір көрінісі.

Жалпы байқауға келіп түскен 114 жобаның ішінен 17 жоба іріктелді. Ал ақтық мәреде сол 17 оқушының әзірлеген рухани танымдық жобалары сарапқа түсті. Қазылар алқасы оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес қорғаған тақырыптарының мазмұны мен ойын жеткізе білу қабілетіне қарай әділ бағасын берді.

Қорытындысында Қармақшы ауданы Жанқожа батыр атындағы №269 орта мектептің 5 сынып оқушысы Ардан Шайкуллаев, Қазалы ауданы, №25 орта мектептің 8 сынып оқушысы Аружан Бақытжан, №276 орта мектептің 8 сынып оқушысы Ақерке Қолдасбай, Шиелі ауданы, №181 орта мектептің 6 сынып оқушысы Ұлан Әбдіманап, Жалағаш ауданы, №116 орта мектептің 5 сынып оқушысы Төрехан Айтбай, Қызылорда қаласы, Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейдің 7 сынып оқушысы Асылжан Қайырғали сияқты ізденімпаз өрендердің еңбегі үздік деп танылды. Жеңімпаздарға «Рухани жаңғыру» орталығының арнайы дипломдары, естелік сыйлықтар берілді.

“ҚАЙСАР” ҚАЙДА БОЛСА - ҚОНЫС СОНДА

1968 жылы Ақмешітке аладоп келді. Петр Боголюбовтың жетекшілігімен «Волна» командасы құрылып, КСРО төменгі лигасына қатысуға рұқсат алды. Алғаш бағын сынағалы жатқан команданың қолдаушысы да аз емес еді. Еуропалық фанаттар секілді командасы үшін барын салатын жанкүйерлер өңірде де пайда болды. Соның бірі – Қоныс Әбікен ақсақал. Ғұмырының 50 жылын қызылордалық командаға арнаған жанашыр жанкүйерімізбен жолығып, кешегі мен бүгінгі футболдың қызықты сәттерін еске түсірдік.

– Қоныс ақсақал, «Волна» мен «Қайсарға» дейінгі аралықтың куәгерісіз. Стадионға келіп, командаңызды қолдап келе жатқаныңызға 50 жылдан асыпты...

– Шыны керек, радио желісі арқылы КСРО чемпионатын тыңдайтынбыз. Одан қалды Алматының “Қайраты” бар. 1968 жылы команда құрылған сәтте қуанышымызда шек болмады. Расында ол кезде тыңдаған бір бөлек, көзбен көрген бір бөлек еді. Содан бері «Қайсардың» бірде-бір ойынын қалт жібермей тамашалап келемін. Сыр спортшының айбары мен айдарына айналған команданың алған асулары аз емес. Оның барлығы көз алдымда картина болып қалып қойған.

– Есіңізде қалған қай ойынды айтар едіңіз?

– Өзім талай тартысты ойындардың куәгері болдым. Жан алысып, жан беріскен жарыстарда бір отырып, бір тұрып қолдау көрсеткенім ешқашан ұмытылмайды. Алайда былтырғы Қазақстан кубогы жарысын ерекше атап өткім келеді. Қостанайлық «Тобыл» командасымен өткен жартылай финал кездесуі өте әсерлі өтті. “Атыраумен” өткен финалдың жәні бөлек болды. Бірінші олар гол салды. Сосын ойын барысында есеп теңесті. Финалдық ойын қашанда тартысты өтеді. 10 ойыншымен қалған “Қайсардың” сол кездегі жарқын жетістігіне ризамын. Думан Нәрзілдаев айды аспанға бір-ақ шығарды. Алыстан тепкен добы қақпадан табылып,сүйікті командамыз жеңімпаз атанды. 20 жыл күткен тарихи жеңіс болды. «Қайсар» – Қазақстан кубогының иегері. Міне, бұл мен үшін де, ел үшін де ерекше ойын, айтулы жеңіс. Сол кездегі қуанышымды айтып жеткізе алмаймын.

– «Қайсардың» бүгінгі және бұрынғы ойыншыларының арасында қай ойыншының техникалық мүмкіндігін, ойын тәсілін айрықша атап өтесіз?

– Тоқсаныншы жылдары Тілеухан Тұрмағанбетов деген ойыншы болды. Ондай сұрмергенді әлі көрмедім. Ол аланда жасындай жарқырайтын. Уақытында «Қайрат» клубында да сәтті ойындар көрсетті. Сыр елінің де талай мәрте мәртебесін өсірген ойыншы.

– «Қайсар» командасын жаңа маусымда жергілікті бапкер жаттықтырады деген жаңалық бар. Үміткер етіп үш жаттықтырушыны клуб басшылығы атады. Сізге салса қай маманды дала қасқырларына жаттықтырушы етіп сайлар едіңіз?

– Қанат Шерімбетов пен Ерлан Шойтымов жас та болса, білікті мамандар. Дегенмен Сұлтан Әбілдаевтың орны бір бөлек. Егер менде таңдау болса, Сұлтанды бас бапкер етіп сайлар едім. Өйткені Сұлтанның Қызылорда футболына сіңірген еңбегі көп. Футболдағы мансабының барлығын «Қайсарда» өткізген шебер футболшы болды. 2009 жылы қызылордалық команданың тізгінін ұстап, аз да болса із қалдырды. 2016 жылы «Қайсар» Әбілдаевтың тұсында Бірінші лигадан Премьер-лигаға жолдама алды. Жалпы Сұлтанның қайта оралғанын құптаймын.

– Футболды үйде көрген мен аланда тамашалағанның айырмасы қандай? «Қайсар» ойынын көруге қалай уақыт табасыз?

– Қазақта “қалауын тапсаң қар жанар” деген қанатты сөз бар. Адам қай істі болсын алдына мақсат етіп қойса, соған жету жолда талпынады. Жергілікті ойындарды жүз пайыз жібермей көремін. Ретін келтіремін. Сырт аланда болған кездесулерді интернет арқылы тамашалаймын. Бірақ көз алдында ойнағанға не жетсін! Жас кезімде Шымкентке дейін еріп барып, клубтың шашбауын көтеріп қайтатынмын. «Қайсар қайда болса, Қоныс сонда» деген құрдастарымның мақалы да шыққан.

– Тұрақты түрде ойын көретін аға буын өкілдерінен кімдерді атай аласыз?

– Байырғы бабаларымыз «қатарын болмаса тойға барма» деген ғой. Өзің шамалас қазыналы қариялармен бірге ойын көрген қандай ғанибет! Бір демалып қайтасың. Жанәбіл, Нұрлыбай, Үсен, Шымберген, Әскер бәріміз бір мезет орталық стадионға барып, өзімізің командаға қолдау көрсетеміз. Ойын аяқталған соң балаларға батамызды беріп, жеңісімізге, жетістігімізге риясыз көңілмен үйге қайтамыз.

– Спорт болғасын жеңіс пен жеңіліс қатар жүруі заңды құбылыс. «Қайсар» жеңілген кездерде не істейсіз? Балаларға кейіп, ашуланып, мінез көрсеткен кездеріңіз болды ма?

– Әрине, ондай сәттер де орын алып тұрады. Сағым сынып, ренжіп қайтамын. Балаларға ұрсып та аламын. Келесі ойында міндетті түрде біз жеңеміз деп өзімді іштей қайрап жігерлендіремін.

– Командаға көңіліңіз тола ма?

– Жақсы ойыншылар қашанда клубтың айбары, абыройы. Аз уақыттың ішінде қызылордалық жанкүйерлердің сүйікті ойыншысына айналған спортшылар бар. Қазір команданы жергілікті футболдан есіп өнгендер алды. Клуб басшысы Серік Досманбетов командамызды алға жетелеуде жақсы істер атқарып жүр. Серік келгелі команданың ойыны бір қалыпқа түсе бастады. Сондықтан алдымен команда басшысына алғыс айтамын. Қиындықтарға мойынсұнбай, бір жаңуя мүшелері секілді бір-біріне қолдау көрсетіп, жасыл аланда барын салады. Оларға осы тұрғыдан ризашылығым шексіз.

– Ғани Мұратбаев атындағы Орталық стадионның жағдайы жайлы пікіріңіз қандай?

– Орталық стадионның жағдайы қалыпты. Қазақ жастарының жетекшісі болған жерлесіміздің атындағы стадион заман талабына сай жаңғырып, жасарып келеді. Қызылордаға келген командалардың барлығы осында ойын өткізеді. Спортшылардың аланда ойын ойнауы үшін жағдай жасалғаны дұрыс деп ойлаймын.

– «Қайсар» клубының болашағын қалай елестетесіз? Осы жайында ойыңыз қандай?

– Былтыр команданың Қазақстан кубогын жеңіп алғаны үлкен нәтиже. Ойыншылардың жеңісі көңіл қуантады. Сыр елі – қазақ футболына мықты спортшылар сыйлаған өңір. Әрбір жеңістің артында өлшеусіз еңбек тұрады. Бұл – мәуісым алдындағы оқу жаттығудың теңдессіз жемісі. Қаншама жолдастық кездесулер ұйымдастырылып, шеберлік шыңдалып, жақсы нәтижеге қол жеткізді. Мұнда бапкерлердің де қолтаңбасы бар. Біздің клубтың болашағы жарқын екеніне сенімім кәміл. Алда үлкен жеңістер күтіп тұр.

– Қызылордалық жанкүйерлерге және оқырмандарға лебізіңізді білдірсеңіз.

– «Қайсар» – халықтың командасы. Олар әлі талай жанкүйерлерін қуантатын болады. Бастысы, сенім керек. Әрбір ойын сайын тақым қысып, тілеулес болып отырамын. Жасым жетпістен асты. Менің еңдігі арманым – елімнің тыныштығы мен берекесі. Әлемді әбігерге салған дерт көңілімізге кірбің ұялатты. Халқымызда «аман ердің аты шығар» деген уәлі сөз бар. Алаш баласының айы оңынан туа берсін!

СЫР СПОРТШЫЛАРЫ ҮЗДІК ҮШТІКТЕ

Қызылордалық спортшылар Қостанайда өткен грэпплингтен ел чемпионатында сәтті өнер көрсетті.

Қажымұқан Мұңайтпасұлы атындағы спорт клубының тәрбиеленушілері төрт алтын, күміс және тоғыз қола медаль жеңіп алып, жалпы командалық есепте үшінші орынға ие болды.

Айта кетейік, жарысқа 17 команда қатысты. Тағы да өз шеберлігін тұғырдың жоғарғы сатысына көтерілген Ғани Әділсерік растады. Әйелдер арасында екі алтынды Руза Дуктурбаева жеңіп алды. Өз салмақ дәрежесінде Арайлым Ханзада алғашқылар қатарында болды.

Сыр спортшыларын грэпплингтен чемпионатқа облыстың бас бапкері Арман Маделханов дайындады.

АХМЕДОВ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНА МА?

Жартылай ауыр салмақта күш сынасып жүрген 25 жастағы қазақстандық кәсіпқой боксшы Әли Ахмедов таяу күндері әлем чемпионы атағы үшін таласады.

18 желтоқсанда АҚШ-тың Флорида штатының Холливуд қаласында өтетін айтулы жарыста жерлесіміз Карлос Гонгорамен күш сынасады.

31 жастағы Эквадордың өкілі кезінде әуесқойлар арасында да тәуір жұдырықтасқан. Екі рет Панамерика ойындарының қола жүлдегері атанды. Бейжің және Лондон Олимпиадаларына қатысты. Туманды Альбион елінде ол біздің Әділбек Ниязымбетовке жол берді. 2009 жылы Миланда ұйымдастырылған әлем чемпионатында ширек финалға дейін жетті. 2015 жылы кәсіпқой рингке ауысып, сол кезден бері 17 кездесу өткізіп, барлығында жеңіске жетті. 13 қарсыласын нокаутқа жіберді.

Алматы облысының тумасы Әли Ахмедов – Қазақстан чемпионатының қола жүлдегері, бірқатар халықаралық турнирлердің жеңімпазы. Кәсіпқой рингке 16 мәрте көтеріліп, барлығын өз пайдасына шешті. 12 кездесуді мерзімінен бұрын аяқтады.

ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫНЫҢ ҚАРСЫЛАСТАРЫ

Швейцарияның Цюрих қаласында орналасқан ФИФА-ның штаб-пәтерінде 2022 жылы футболдан Катарда өтетін әлем чемпионатының іріктеу турнирінің жеребесі тартылды.

Қазақстан құрамасы D тобына түсті. Қарсыластарымыз – Франция, Украина, Финляндия және Босния мен Герцеговина. Ал өзге топтарда мына командалар өнер көрсетеді:

А тобы – Португалия, Сербия, Ирландия, Люксембург және Әзірбайжан.

В тобы – Испания, Швеция, Греция, Грузия және Косово.

С тобы – Италия, Швейцария, Солтүстік Ирландия, Болгария және Литва.

Е тобы – Бельгия, Уэльс, Чехия, Беларусь және Эстония.

F тобы – Дания, Аустрия, Шотландия, Израиль, Фарер аралдары және Молдова.

G тобы – Нидерланд, Түркия, Норвегия, Черногория, Латвия және Гибралтар.

Н тобы – Хорватия, Словакия, Ресей, Словения, Кипр және Мальта.

І тобы Англия, Польша, Венгрия, Албания, Андорра және Сан-Марино.

J тобы – Германия, Румыния, Исландия, Солтүстік Македония, Армения және Лихтенштейн.

Бетті дайындаған: Е.ШӘРІБЕК

Нұрсұлтан Мықтыбаев, журналист:

ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУДІҢ 7 ҚҰПИЯСЫ

«Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігінің бас редакторы Нұрсұлтан Мықтыбаев облыстық Жастар ресурстық орталығында өткен «ТҰЛҒАman» жобасына қатысып, белсенді жастар үшін жетістіккке жетудің жеті құпиясымен бөлісті.



Биыл – Нұрсұлтан Мықтыбаев үшін табысты жыл. Пандемия уақытында төккен ерен еңбегі үшін Президент Қ.Тоқаевтың Жарлығымен «Халық алғысы» медалімен марапатталса, жуырда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі ұйымдастырған Ұлттық байгеде «Жылдың үздік репортажы» аталымы бойынша «Үркер-2020» ұлттық сыйлығының жеңімпазы атанды.

– Ұлттық байқаудың 11 номинациясына қатысу үшін жалпы 470 өтініш түссе, «Үздік репортаж» аталымына өңірлерден 159 материал ұсынылыпты. Соның ішінен әр номинация бойынша 4 адам ақтық сынға өтеді. Марапаттауға бір сағат қалғанда әділқазылардың жасырын дауыс беру нәтижесінде жеңімпаз анықталады. 13 әділқазы мүшелерінің 7-еуі маған дауыс берген екен. Ал жеңімпаз атанғанымды сахнаға шыққанда бір-ақ білдім. Қуанғанын соншалық, қолымды жоғарыға көтере беріппін. 11 жыл сыртта қызмет етіп, туған жерге келіп жеткен жетістігім болған соң, бұл марапаттың орны бөлек, – дейді Нұрсұлтан Мықтыбаев.

Іс-шарада кейіпкеріміз журналистика саласын меңгерудің қыр-сырымен бөлісіп, мамандыққа деген адалдығының арқасында жетістікке жеткенін айтты. Сонымен қатар журналист болғысы келетін жастар мен «Тіл маманы» журналистер клубы мүшелерінің сұрағына жауап беріп, естелік суретке түсті.

Айгүл Әлішерова
Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ЖАЛАҚЫСЫ ЖОҒАРЫ МАМАНДЫҚТАР

Бағдарламалық жасақтама мамандары, бағдарламалық талдаушылар мен кәсіби мейірбикелер алдағы 10 жыл ішінде АҚШ-тағы ең көп жалақы алатын мамандықтардың қатарына қосылады.

Бұл туралы Biziness Insider АҚШ еңбек статистикасы бюросының мәліметтеріне сілтеме жасады. Басылым енді жылдық кірісті ұлттық медиадан жоғары (39 810 доллар) деңгейде қамтамасыз ете алатын кәсіптерге талдау жасады.

Басылымның мәліметінше, 2029 жылы бағдарламалық жасақтама мамандары жылына 316 000 доллар алады (қазір оларды жылдық табысы 107 510 долларды құрайды). Медбикелердің жылдық жалақысы 221 900 долларды құрайды (қазір жылына 73 300 доллар). Сондай-ақ ең жоғары жалақы алатын мамандардың ұштығына техникалық жетекшілер мен басқарушылар кірді. Қазіргі уақытта олар 100 780 доллар алады жән 10 жылдан кейін жылдық жалақысы 143 800 долларға болады деп болжанған.

Бұдан басқа қаржы менеджерлері (2019 жылы 10829 доллар, 2029 жылы 129 890 доллар) денсаулық сақтау менеджерлері (133 200 долларға қарсы 100 980 доллар), фельдшерлер (109 800 адам 110 700-ге қарсы) болашақтағы ең көп жалақы алатын мамандықтар қатарына кірді. Маркетинг мамандары ($ 63,790-ға қарсы 130,300 доллар), менеджмент жөніндегі талдаушыларға ($ 85,260-қа қарсы 93,800 долларға), ақпараттық жүйелер менеджерлеріне (жылына $ 146,360-қа қарсы $48,100) және басқа да бизнес пен жобалар менеджерлері 79,800 доллар алады.

Кезекші редактор: Г.ЖҰМАДИНОВА

РЕСЕЙДЕ ТАНЫЛҒАН 10 ҚАЗАҚ

Азамат МҰСАҒАЛИЕВ
Азамат Мұсағалиев – әзіл-сықақшы, тележүргізуші және музыкант. Этникалық қазақ. «Сборная Камызякского края» КТК командасында ойнаған. ТНТ арнасында бірнеше жобаларға қатысып, «Однажды в России» шоуында актер, «Где логика?» шоуында жүргізуші, «Интерны» сериалында актер ретінде танылған. Жақында YouTube желісінде «Я себя знаю» атты жеке шоуын жүргізе бастады.

Нұрлан САБЫРОВ
Нұрлан Сабыров – ең танымал қазақстандық Stand-up-комик, әзіл-сықақшы және актер. ТНТ арнасындағы Stand Up жобасының арқасында танымал болды. Қазірде осы жобаның тұрақты резиденті және көпшіліктің сүйікті комигі. 2017 жылы Қазақстан және Ресей қалалары бойынша тур жасап шықты. Басқа комиктермен бірлесіп, «Что было дальше?» YouTube шоуын жүргізе бастады, әр шығарылымы миллиондаған қаралым жинайды.

Скриптонит
Ресейдегі ең танымал қазақстандық рэп орындаушысы. 2014 жылы Gazgolder резиденті атанды, кейін Musica36 жеке тәуелсіз лейблының негізін салды. Скриптониттің туындылары Ресейдің барлық клубтарында, көшелерінде және жастардың телефондарына қойылған.

Назима
«Песни» шоуынан кейін Ресейде және ТМД елдерінде танымалдылыққа ие болған Шымкенттен шыққан әнші. Жобада төртінші орын алған орындаушы Black Star лейблымен келісім-шартқа отырды. Орыстілді тыңдармандары мен жанкүйерлері жетерлік.

Yuframe
Yuframe – танымал қазақстандық вайнерлер командасы. Көпшілікті өздерінің позитивті бейнелерімен және әзілдерімен баурап алды. Instagram желісінде команданың үш миллиондық аудиториясы бар. Бүгінде жоба өзінің жұмысын тоқтатты, ал мүшелері жаңа жобалар бойынша жеке жұмыс істеуде.

Нагима
Instagram желісінде көңілді бейнелер түсіретін қазақстандық блогер. Ресейге көшіп, «Селаполетела» белорусиялық travel-шоуының жүргізушісі ретінде танылған. Ресейдегі бірнеше ток-шоуларға қонақ ретінде қатысқан.

The Limba
Қазақстаннан шыққан әнші және әндердің авторы. Ресейде «Обманула» әнінен кейін кеңінен танылды. Бүгінде Andro-мен бірлесіп шығарған «Х.О» әні – ТМД-дағы ең танымал әндердің бірі.

Вячеслав ДОСМҰХАМЕТОВ
Вячеслав Досмұхаметов – продюсер және сценарийші. Ұлты – қазақ. «Интерны», «Универ», «Танцы», Comedy Woman, Stand Up, «Comedy Баттл», «Открытый микрофон», «Однажды в России», «Где логика?» сияқты көптеген жобалардың авторы. Бүгінде ТНТ арнасының креативті продюсері.

Димаш ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ
Димаш Құдайбергенов – әнші және композитор. Музыка әлеміндегі жетістіктерімен Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлем бойынша, соның ішінде Ресейде кеңінен танылған. Репертуарында қазақ, орыс, қытай және итальян тілдеріндегі әндер бар. Игорь Крутоймен бірге жұмыс жасайды және үлкен ресейлік сахналарда өнер көрсетеді.

Арман ДАУЛЕТЯРОВ
Ресейлік медиаменеджер, Муз-ТВ телеарнасының бас директоры, «Премия Муз-ТВ» танымал музыка саласындағы жыл сайынғы ұлттық телевизиялық премиясының директоры. 14 жасында Қазақстаннан Ресейге көшкен.

JULDYZ - JORAMAL

(10-16 желтоқсан)

ТОҚТЫ
Өзгелердің сізге сеніп тапсырған жұмысына бей-жай қарай алмайсыз. Бар ынтаңызбен көмек көрсетіп, қайырымдылық акцияларына атсалысасыз. Сонымен қатар әділдікке қол жеткізу үшін барыңызды саласыз.

ТОРПАҚ
Кез келген пайдалы іспен айналысуға мүмкіндік бар. Ойлау қабілетіңіз жоғары, сондықтан қиын тапсырманың өзін оңай орындай аласыз. Сіз – өз ортаңызда көшбасшысысыз. Оны кез келген адам мойындайды.

ЕГІЗ
Жемісті апта. Айтарлықтай жоспарыңыз болмаса да, біраз уақыттан соң айналысатын іс тауып аласыз. Бойыңызда күш-қуатыңыз көп. Сондықтан біраз шаруаны тындыратын боласыз.

ШАЯН
Қиын шаруаның барлығы артта қалды. Енді тыныштықта демаласыз. Көтеріңкі көңіл-күйде болыңыз. Аптада көп күшті қажет ететін маңызды шаруаны, ірі жобаны қолға алмаңыз.

АРЫСТАН
Демалуға, күш-жігеріңізді қайта қалпына келтіруге қолайлы сәт. Кейбір шаруаны кейінге қалдырған жөн. Алайда мұқият болыңыз. Аптада туыстардың арасында болыңыз.

БИКЕШ
Қызықты апта. Ішкі түйсігіңізге жүгіне отырып, ең қиын шаруаларды мойыңызға жүктейсіз. Өзгелер ала алмаған асуды бағындырасыз. Сіздің тың идея барлығына ұнайтын болады.

ТАРАЗЫ
Аптаны пайдалы іспен айналысуға жұмсаңыз. Әсіресе, қиын шаруаларды қолға алған жөн. Жаңашылдыққа тез үйренесіз. Сонымен қатар көп ақпараттың ішінен өзіңізге қажеттісін ала аласыз.

САРЫШАЯН
Аптада атқарар шаруа көп. Ең алдымен қайсысынан бастау қажет екенін реттеп алыңыз. Ойға түрлі жоспар келеді. Бірақ идеяларды дәл қазір жүзеге асырудың қажеті жоқ. Себебі олар әзір табыс әкелмейді.

МЕРГЕН
Айналаңызда болып жатқан жағдайларға қарамастан, сабырлық сақтайсыз. Бұл шешіміңіз дұрыс болады. Соның арқасында кикілжіңдерден бойды аулақ ұстап, сондай-ақ арандатуға жол бермейсіз.

ТАУЕШКІ
Аптада жаңа достар табасыз. Сонымен қатар алдағы уақытта өміріңіздің бір бөлшегіне айналатын жанды жолықтырасыз. Дегенмен тәуекелге барып, ірі көлемде сауда жасаудың қажеті жоқ.

СҰҚҰЙҒЫШ
Апта сәтті болады. Бұл апта пайдалы іспен айналысуға да, жай демалуға да қолайлы уақыт. Өзіңізге ұнайтын қызықты іспен айналысасыз. Апта аяғында көңіл көтеретін кештің қонағы боласыз.

БАЛЫҚ
Көптен бері ойлап жүрген жұмысыңыз іске асады. Ол үшін күш салмайсыз, оқиғаны сырттай бақылап отырасыз. Ашықтығыңыз, шыншылдығыңызды бағалайтын жандар бар. Олар сізді барлық жағынан да қолдайды.

АҚМЕШІТ жастары

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU басма үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Айжан АБДУЛЛАЕВА

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8091
Тапсырыс №678